«ҚазТрансОйл» АҚ

Жекелеген қаржылық есептілік

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудиторлар есебімен

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудиторлар есебі

Жекелеген қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп 1-2
Жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп 3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп 4-5
Капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп 6
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертпелер 7-53

Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның акционерлеріне

Біз «ҚазТрансОйл» АҚ-ның (бұдан әрі– «Компания») беріліп отырған жекелеген қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп, жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ақпараты жатады.

Жекелеген қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі

Компания басшылығы көрсетілген жекелеген қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуы мен шынайылығы үшін және басшылықтың пікірінше шынайы емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті жасауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз жүргізілген аудиттің негізінде осы жекелеген қаржылық есептілік туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті жекелеген қаржылық есептілікте маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудитке қаржылық есептілікте ұсынылған сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдердің орындалуын қамтиды. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан қаржылық есептіліктің едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, рәсімдерді таңдау аудиторлар тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажетті аудит рәсімдерін анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ аудитке пайдаланылған есеп саясатының дұрыстығын және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін бағалау және жалпы қаржылық есептіліктің ұсынылуын бағалау жатады.

Біз алған аудиторлық дәлелдер аудиторлық қорытындымызды білдіруге негіздемені ұсыну үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп санаймыз.

Building a better working world

Қорытынды

Біздің ойымызша жекелеген қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2014 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржы нәтижелері мен көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP

Александр Назаркулов
Аудитор

Аудитордың 2012 жылғы 6 қаңтардағы
№0000059 біліктілік куәлігі

Евгений Жемалетдинов
Бас директор
«Эрнст энд Янг» ЖШС

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия сериясы МФЮ - 2, № 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде берілген

2015 жылғы 24 ақпан

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескертпе	**2014 жылғы 31 желтоқсанға**	2013 жылғы 31 желтоқсанға
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	**387.584.884**	364.998.307
Материалдық емес активтер	6	**1.307.502**	1.170.444
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	7	**28.208.864**	28.208.864
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар	8	**7.404.945**	7.404.945
Негізгі құралдар үшін жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	9	**10.714.631**	5.770.520
Банк салымдары	15	**3.729.880**	576.541
Өзге де ұзақ мерзімді активтер		**10.341**	117.760
		438.961.047	408.247.381
Ағымдағы активтер			
Тауарлы-материалдық қорлар	10	**2.316.435**	1.681.832
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	11	**5.132.826**	4.130.038
Жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	12	**674.842**	695.544
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		**5.814.078**	–
Өтелуге жататын ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алдын ала төлем	13	**3.057.461**	648.705
Өзге де ағымдағы активтер	14	**3.295.466**	4.138.189
Банк салымдары	15	**32.111.695**	83.112.238
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	16	**39.248.732**	24.398.342
		91.651.535	118.804.888
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		**1.261**	32.138
		91.652.796	118.837.026
Активтер жиыны		**530.613.843**	527.084.407

Есеп саясаты және 7-53 беттердегі ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескертпе	2014 жылғы 31 желтоқсанға	2013 жылғы 31 желтоқсанға
Меншікті капитал және міндеттемелер			
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	17	**61.937.567**	61.937.567
Активтерді қайта бағалау бойынша резерв		**108.539.359**	138.931.685
Капиталдың өзге де резервтері	17	**(1.810.510)**	(1.016.431)
Үлестірілмеген пайда		**244.927.026**	215.903.107
Меншікті капитал жиыны		**413.593.442**	415.755.928
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	18	**11.204.603**	9.333.180
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	31	**39.801.492**	38.732.066
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге резервтер	22	**20.631.009**	16.677.538
Байланысты тараптардан болған болашақ кезеңдер кірістері	32	**–**	260.305
		71.637.104	65.003.089
Ағымдағы міндеттемелер			
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	18	**408.757**	322.000
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	19	**15.293.796**	10.939.939
Алынған алғытөлемдер	20	**16.651.614**	17.031.800
Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы		**–**	680.117
Төлемге өзге де салықтар	21	**886.648**	1.096.412
Резервтер	22	**94.692**	41.642
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	23	**12.047.790**	16.213.480
		45.383.297	46.325.390
Міндеттемелер жиыны		**117.020.401**	111.328.479
Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны		**530.613.843**	527.084.407
Бір жай акцияның теңгерімдік құны *(теңгемен)*	17	**1.072**	1.078

2015 жылғы 24 ақпанда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директор

Қ.М. Қабылдин

Бас бухгалтер

М.К. Сармағамбетова

Есеп саясаты және 7-53 беттердегі ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

		31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
Мың теңгемен	**Ескертпе**	**2014 жылғы**	2013 жылғы
Түсім	24	**186.996.455**	174.560.034
Өткізімнің өзіндік құны	25	**(104.111.671)**	(94.404.328)
Жалпы пайда		**82.884.784**	80.155.706
Жалпы және әкімшілік шығыстар	26	**(11.371.158)**	(9.190.686)
Өзге де операциялық кірістер	27	**1.406.706**	1.518.056
Өзге де операциялық шығыстар	28	**(529.856)**	(288.029)
Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалдар	5	**(294.384)**	(10.664.313)
Операциялық пайда		**72.096.092**	61.530.734
Бағамдық айырмадан болған кіріс, нетто		**1.014.930**	43.860
Дивидендтік кіріс		**717.897**	908.906
Қаржылық кірістер	29	**4.395.019**	3.971.102
Қаржылық шығындар	30	**(1.615.566)**	(1.374.236)
Салық салғанға дейінгі пайда		**76.608.372**	65.080.366
Табыс салығы бойынша шығыстар	31	**(18.910.200)**	(13.063.819)
Есепті жылдағы таза пайда		**57.698.172**	52.016.547
Өзге де жиынтық (залал)/кіріс			
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық (залал)/кіріс			
Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша қайта бағалаудан болған актуарлық залалдар	18	**(992.599)**	(1.292.000)
Табыс салығының әсері	31	**198.520**	258.400
		(794.079)	(1.033.600)
Негізгі құралдардың қайта бағалануы және құнсыздануы, нетто	5	**(19.748.198)**	41.486.811
Табыс салығының әсері	31	**3.949.639**	(8.297.362)
		(15.798.559)	33.189.449
Активтері пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша резерві	22	**(1.678.425)**	–
Табыс салығының әсері	31	**335.685**	–
		(1.342.740)	–
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын салықты шегергендегі өзге де жиынтық (залал)/кіріс жиыны		**(17.935.378)**	32.155.849
Салықты шегергендегі өзге де жиынтық (залал)/кіріс жиыны		**(17.935.378)**	32.155.849
Есепті жылға салықтар шегерілген жиынтық кіріс жиыны		**39.762.794**	84.172.396
Акцияға пайда (теңгемен)	17	**150**	135

2015 жылғы 24 ақпанда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директор

К.М. Кабылдин

Бас бухгалтер

М.А. Сармағамбетова

Есеп саясаты және 7-53 беттердегі ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

		31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
Мың теңгемен	**Ескертпе**	**2014 жылғы**	2013 жылғы
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Салық салынғанға дейінгі пайда		**76.608.372**	65.080.366
Салық салынғанға дейінгі таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған ақшалай емес түзетулер			
Тозу және өтелім	25, 26	**30.663.438**	28.263.650
Күмәнді берешек бойынша резервті есептеу, нетто	26	**3.251**	56.405
Резервтерді есептеу, нетто	22	**53.560**	517
Қаржы шығындары	30	**1.615.566**	1.374.236
Дивидендтік кіріс		**–**	(908.906)
Қаржы кірістері	29	**(4.395.019)**	(3.971.102)
Еңбек қызметі аяқталуына байланысты қызметкерлерге сыйақылар, өткен жылдардағы қызметтер құны	18	**–**	1.008.000
Еңбек қызметі аяқталуына байланысты қызметкерлерге сыйақылар, ағымдағы жылдың қызметтер құны	18	**802.461**	495.000
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің шығуынан болатын залал, нетто	28	**160.452**	148.897
Әрекетсіз тұрған мұнай айдау станцияларын жою	28	**89.126**	21.212
Активтерді сатудан түскен кіріс, нетто	27	**(61.090)**	(257.696)
Қорларды сатудан түскен н кіріс, нетто	27	**(248.512)**	(314.320)
Негізгі құралдардың құнсыздануы	5	**294.384**	10.664.313
Активтерді пайдаланудан шығару және жерлерді қалпына келтіру міндеттемелері бойынша резервтерді бағалауды қайта қарау	22, 28	**275.965**	–
Кредиторлық берешекті есептен шығарудан түскен кіріс	27	**(74.793)**	(23.549)
Болашақ кезеңдер кірістерінің өтелімі	27	**(312.366)**	(312.366)
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар пайдасына шығарылған қаржы кепілдігінің өтелімі	27	**–**	(26.463)
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар пайдасына шығарылған қаржы кепілдігін тануды доғару	27	**–**	(177.743)
Ескірген және өтімсіз тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервтерді (қайтару)/есептеу, нетто	26	**(5.342)**	2.524
Айналым капиталының өзгерісіне дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағыны		**105.469.453**	101.122.975
Операциялық активтердегі (ұлғаю)/азаю			
Тауар-материалдық қорлар		**3.494.034**	526.566
Сауда және өзге де дебиторлық берешек		**(1.054.214)**	(1.871.456)
Жеткізушілерге берілген алғытөлемдер		**21.611**	(320.703)
Өтеуге жататын ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алғытөлемдер		**(3.295.369)**	(887.863)
Өзге де қысқа мерзімді активтер		**(115.284)**	235.351
Операциялық міндеттемелердегі ұлғаю/(азаю)			
Сауда және өзге де кредиторлық берешек		**2.727.048**	(299.243)
Алынған алғытөлемдер		**(380.186)**	1.077.837
Төлемге өзге де салықтар		**(209.764)**	218.451
Өзге де ағымдағы және ұзақ мерзімді міндеттемелер және қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		**(4.530.330)**	4.386.697
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		**102.126.999**	104.188.612
Төленген табыс салығы		**(18.964.514)**	(16.256.328)
Алынған пайыздар		**5.878.926**	2.356.479
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		**89.041.411**	90.288.763

Есеп саясаты және 7-53 беттердегі ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)

		31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
Мың теңгемен	**Ескертпе**	**2014 жылғы**	2013 жылғы
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағыны			
Банк салымдарын алу		**128.557.876**	56.047.879
Банк салымдарын орналастыру		**(81.978.050)**	(85.124.420)
Алынған дивидендтер		**979.800**	647.770
Негізгі құралдарды сатып алу		**(79.681.571)**	(27.753.395)
Материалды емес активтерді сатып алу		**(213.862)**	(144.488)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан және сатуға арналған деп жіктелген активтерден түскен түсім		**350.813**	1.067.491
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағыны		**(31.984.994)**	(55.259.163)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағыны			
Төленген дивидендтер	17	**(41.925.280)**	(28.847.670)
Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша ағыны		**(41.925.280)**	(28.847.670)
Бағамдық айырманың әсері		**(280.747)**	84.052
Ақша қаражаттарындағы және олардың баламаларындағы таза өзгерістер		**14.850.390**	6.265.982
Жылдың басына ақша қаражаттары және олардың баламалары		**24.398.342**	18.132.360
Жылдың аяғына ақша қаражаттары және олардың баламалары	16	**39.248.732**	24.398.342

2015 жылғы 24 ақпанда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директор

Қ.М. Қабыдин

Бас бухгалтер

М.К. Сармағамбетова

Есеп саясаты және 7-53 беттердегі ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Активтерді қайта бағалау бойынша резерв	Капиталдың өзге де резервтері	Үлестіріл-меген пайда	Жиыны
2013 жылғы 31 желтоқсанға	61.937.567	138.931.685	(1.016.431)	215.903.107	415.755.928
Есепті жылдағы таза пайда	**–**	**–**	**–**	**57.698.172**	**57.698.172**
Өзге де жиынтық залал	**–**	**(17.141.299)**	**(794.079)**	**–**	**(17.935.378)**
Бір жылға жиынтық (залал)/кіріс жиыны	**–**	**(17.141.299)**	**(794.079)**	**57.698.172**	**39.762.794**
Қайта бағаланған негізгі құралдардың өтелімі	**–**	**(13.251.027)**	**–**	**13.251.027**	**–**
Дивидендтер *(17-ескертпе)*	**–**	**–**	**–**	**(41.925.280)**	**(41.925.280)**
2014 жылғы 31 желтоқсанға	**61.937.567**	**108.539.359**	**(1.810.510)**	**244.927.026**	**413.593.442**
2012 жылғы 31 желтоқсанға	61.937.567	117.159.149	17.169	181.317.317	360.431.202
Есепті жылдағы таза пайда	–	–	–	52.016.547	52.016.547
Өзге де жиынтық кіріс/(залал)	–	33.189.449	(1.033.600)	–	32.155.849
Бір жылға жиынтық кіріс/(залал) жиыны	–	33.189.449	(1.033.600)	52.016.547	84.172.396
Қайта бағаланған негізгі құралдардың өтелімі	–	(11.416.913)	–	11.416.913	–
Дивидендтер *(17-ескертпе)*	–	–	–	(28.847.670)	(28.847.670)
2013 жылғы 31 желтоқсанға	61.937.567	138.931.685	(1.016.431)	215.903.107	415.755.928

2015 жылғы 24 ақпанда қол қойылды және шығаруға рұқсат етілді.

Бас директор

Қ.М. Кабылдин

Бас бухгалтер

М.К. Сармағамбетова

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Мұнай және Газ Көлігі» ұлттық компаниясы» ЖАҚ (бұдан әрі – «МГК») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы қаулысына сәйкес құрылды. Осы қаулының негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті «ҚазТрансОйл» ҰМТК» ЖАҚ акцияларына меншік құқығын МГК-ға берді, осының нәтижесінде «ҚазТрансОйл» ҰМТК» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» ЖАҚ болып қайта тіркелді және қайта аталды.

2004 жылғы 31 мамырда Қазақстан заңнамасының талаптарына сай «ҚазТрансОйл» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – «Компания») болып қайта тіркелді.

2014 жылдың 31 желтоқсанына «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ» немесе «Бас компания») Компанияның ірі акционері болып табылады, оған Компанияда қатысудың бақылау үлесі (90%) тиесілі. ҚМГ толығымен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» тұлғасында Үкіметке тиесілі. Акциялардың қалған 10%-ы «Халықтық IPO» бағдарламасы аясында сатып алған миноритарлық акционерлерге тиесілі.

2013 жылғы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі ұйымдарда қатысу үлесі болды:

	Тіркелген жері	Негізгі қызметі	Қатысу үлесі	
			2014 жылғы 31желтоқсан	2013 жылғы 31 желтоқсан
«МұнайТас» СБҚК» АҚ (бұдан әрі – «МұнайТас»)	Қазақстан	Мұнай тасымалдау	**51%**	51%
«Қазақстан – Қытай Құбыры» ЖШС (бұдан әрі – «ҚҚҚ»)	Қазақстан	Мұнай тасымалдау	**50%**	50%
«Batumi Terminals Limited» (бұдан әрі – «BTL»)	Кипр	Мұнайды және мұнай өнімдерін экспедициялау, ауыстырып құю және сақтау, Батуми қ. Теңіз кемежайын және мұнай құю терминалын пайдалану	**100%**	100%

Компанияның бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19 мекенжайы бойынша орналасқан. Компанияның Атырау (Батыс филиал), Павлодар (Шығыс филиал), Алматы (Ғылыми-техникалық орталық), Астана (Ұжымдық пайдалану есептеу орталығы) қалаларында орналасқан 4 филиалы және Ресей Федерациясында (Мәскеу, Омбы және Самара қалалары) өкілдік кеңселері бар.

Компания Қазақстан Республикасы аумағында ұзындығы 5.700 км магистральды мұнай құбырлары және ұзындығы 2.148 км суағызғылар желісі бар. Мұнымен қатар, Компания басқа аралас құбыр желілерінде мұнайды сақтауды, ауыстырып құюды және оның көлік экспедициясын жүзеге асырады. Компанияның МұнайТас және ҚҚҚ бірлескен бақылаудағы кәсіпорындары Қазақстан мұнайын Қытайға тасымалдау үшін пайдаланылатын Кеңқияқ – Атырау, Кеңқияқ – Құмкөл және Атасу – Алашаңқай құбырларына иелік етеді. Компанияның BTL еншілес кәсіпорнына Батуми мұнай терминалы және негізгі қызметі мұнай құю және құрғақ жүктерін сақтау және ауыстырып құю болып табылатын Батуми теңіз кемежайын басқару құқығы тиесілі.

Компания табиғи монополист болып табылады және тиісінше Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – «ТМРжБҚК») реттеу объектісі болып табылады. ТМРжБҚК (бұған дейін – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі) сондай-ақ тарифтік мөлшерлемелерді есептеу әдіснамасын және агенттік тарифті бекіту үшін жауапты, бұлардың негізінде Компания Қазақстан Республикасындағы кірістердің негізгі үлесін алады. Негізінде тарифтер іске қосылған активтерге капитал бағасын қайтаруға негізделеді. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялардың қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес тарифтер қызметтерді көрсету үшін қажетті шығындардың бағасынан төмен бола алмайды және табиғи монополия субъектісінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін есепке ала алмайды.

2014 жылғы 1қантардан бастап Компанияның ішкі және экспорттық нарықтарға мұнай айдау тарифтерін өсіру туралы 2013 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің (бұдан әрі – «ТМРА») бұйрығы күшіне енді: ішкі нарыққа 1.000 км-ге мұнайдың 1 тоннасын тасымалдауға тариф 1.954,5 теңгеден 2.931,8 теңгеге дейін өсті (50%- арттырылды), экспортқа мұнай айдауға 1.000 км-ге мұнайдың 1 тоннасын тасымалдауға тариф 4.732,6 теңгеден 4.850,6 теңгеге дейін өсті (2,5%-ке арттырылды).

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

2014 жылғы 1 сәуірден бастап Компанияның экспортқа мұнай айдау тарифін өсіру туралы 2014 жылғы 20 наурыздағы ТМРА-ның бұйрығы күшіне енді, 1.000 км-ге мұнайдың 1 тоннасын тасымалдауға тариф 4.850,6 теңгеден 5.817,2 теңгеге дейін өсті (19,9%-ға арттырылды).

ТМРжБҚК-ның 2014 жылғы 4 қарашадағы бұйрығымен 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап «Атасу» бас мұнай айдау станциясында (бұдан әрі – «БМАС») мұнайды ауыстырып құюды қоса алғанда, Ресей Федерациясының шекарасынан бастап Қазақстан Республикасының шекарасына дейін (Прииртышск) – Атасу (Қазақстан Республикасы) учаскесінде ресейлік мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына тасымалдауға арналған тарифтер 1 тонна үшін ҚҚС-ты есептемегенде (Компания үшін) 2,63 АҚШ доллар мөлшерінде енгізілді. Бұрын мұнай тасымалдау тарифі 1 тонна үшін ҚҚС-ты есептемегенде 117,31 теңгені, мұнайды ауыстырып құюға 1 тонна үшін ҚҚС-ты есептемегенде 284,41 теңге болатын.

Осы жекелеген қаржылық есептілікті Компанияның бас директоры және бас бухгалтері 2015 жылғы 24 ақпанда бекітті және басып шығаруға рұқсат етті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Бұл жекелеген қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары кеңесі («ҚЕХС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда дайындалған.

Осы жекелеген қаржылық есептілік мына бағыттарды: қайта бағаланған құны бойынша есептелетін негізгі құралдар мен әділ құны бойынша есептелетін қаржы активтерін қоспағанда бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалған. Жекелеген қаржылық есептілік теңгемен берілген, ал барлық сома, басқаша көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тұтас мыңдыққа дейін дөңгеленіп алынған.

Жекелеген қаржылық есептілікте алдыңғы кезең үшін салыстырмалы ақпарат берілген.

Осы жекелеген қаржылық есептілік Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымша шығарылды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік 2015 жылғы 24 ақпанда Бас директордың және Бас бухгалтердің қолдауымен бекітіліп шығарылды. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің көшірмесін Компанияның бас офисынан алуға болады *(1-ескертпе)*.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

3.1 Еншілес ұйымдарға инвестициялар

Еншілес ұйымдарға инвестициялар осы жекелеген қаржылық есептілікте құнсыздануды шығындарды алып тастағанда өзіндік құн бойынша есепке алынады.

Әр есепті күнге Компания еншілес ұйымдарға инвестицияның құнсыздану мүмкіншіліктерін бағалайды. Егер сондай белгі болса, Компания инвестицияның өтелетін сомасын бағалайды. Инвестицияның өтелетін құны өткізімнен және пайдалану құннан шығындарды алып тастағанда әділ құннан ең үлкен болып табылады және әр жеке инвестицияға белгіленеді.

Егер инвестицияның құны оның өтелетін құнынан жоғары болса, инвестицияның құны түсті деп есептеледі және өтелетін құнға дейін шығарылады. Пайдалану құнын бағалаған кезде болатын ақша ағындары есептеу мөлшерлемесі бойынша, ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін және инвестицияға лайық тәуекелдікті көрсететін салықты салғанға дейін есептеледі. Өткізімге жіберілетін шығындарды есептемегенде, әділ құнды анықтау кезінде бағалаудың түрлі әдістері қолданылады. Бұл есептер қолданылатын жағдайда бағалау коэффициентерімен, нарықтағы еншілес компаниялар акцияларының еркін айналымдағы бағалар белгісімен немесе әділ құнның өзге де қолжетімді көрсеткіштерімен құнталады.

Құнсыздануды болған залал құнсыздану болған мерзімдегі шығын деп саналады.

3.2 Бірлескен қызметке қатысу

Бірлескен кәсіпорындардағы инвестициялар осы жекелеген қаржылық есептілікте құнсыздануды шығындарды алып тастағанда бастапқы құн бойынша есепке алынады. *1-ескертпеде* көрсетілгендей, Компания екі бірлескен кәсіпорынға қатысады: ҚҚТ мен МұнайТас *(8-ескертпе)*.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.3 Шетел валютасын қайта есептеу

Осы жекелеген қаржылық есептілік теңгемен берілген, ол қызмет ететін валюта және Компанияны таныстыратын валюта болып табылады.

Операциялар мен қалдықтар

Шетел валютасындағы операцияларды бастапқыда өздерінің қызмет ететін валютасында операция тану көрсеткіштерін қанағаттандыратын күнге қолданылатын валюта бағамы бойынша ескеріледі. Шетел валютасындағы монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданыстағы қызмет ететін валютасы спот-бағамымен қайта есептеледі. Монетарлық баптарды өтеу және қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырма жиынтық кіріс туралы есепке кіргізіледі.

Тарихи құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар баптың әділ құнының (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған кірістер немесе шығыстарда тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

Валюта айырбастау бағамдары

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа бағамдар Қазақстан Республикасындағы ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 2014 жылғы 11 ақпаннан бастап АҚШ долларына және басқа да негізгі валюталарға қатысты теңгенің айырбас бағамын бұрынғы деңгейде ұстап тұрудан бас тарту, валюталық интервенция көлемін кеміту және теңгенің айырбас бағамын қалыптастыру үдерісіне араласуды қысқарту туралы шешім қабылдады. Айырбас бағамы құнсыздануға дейін және одан кейін 1 АҚШ доллары үшін тиісінше 155,56 теңгені және 184,5 теңгені құрады. 2015 жылғы 24 ақпандағы жағдай бойынша доллардың айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 185,05 теңгені құрады.

31 желтоқсанға ҚҚБ белгілеген валюта айырбастау бағамдары мынаны құрады:

Теңге	**2014 жыл**	2013 жыл
АҚШ доллары	**182,35**	153,61
Ресей рублі	**3,17**	4,69
Еуро	**221,97**	211,17

3.4 Активтер мен міндеттемелерді айналымды/қысқа мерзімдіге және айналымнан тыс/ұзақ мерзімдіге жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есептілікте Компания активтер мен айналымды/қысқа мерзімдіге және айналымнан тыс/ұзақ мерзімдіге жіктеу негізінде көрсетеді. Актив айналымды болады, егер:

- оны іске асыру болжанса немесе ол сатуға немесе қарапайым операциялық кезең аясында тұтынуға арналса;
- ол негізінен сату мақсатына арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде іске асыру болжанса;
- немесе ол өзін айырбастауға, немесе есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеу болған жағдайларды қоспағанда, ақша қаражаттарын немесе олардың баламаларын білдірсе.

Барлық өзге актив айналымнан тыс ретінде жіктеледі. Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны қалыпты операциялық кезең аясында өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда мақсатында ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде өтеуге жатса;
- немесе Компанияда есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу мерзімін ұзарту сөзсіз құқығы болмаса.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.4 Активтер мен міндеттемелерді айналымды/қысқа мерзімдіге және айналымнан тыс/ұзақ мерзімдіге жіктеу (жалғасы)

Компания барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

3.5 Әділ құнды бағалау

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасында қалыпты тәртіпте жасалатын мәміле аясында активтерді сату үшін алынатын немесе міндеттемелерді беру үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құн бағасы активтерді сату немесе міндеттемелерді беру жөніндегі мәміле мынадай болып өтуін болжайды:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта.

Компания негізгі немесе неғұрлым қолайлы нарыққа қол жеткізуі тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны жорамалдарды пайдалану арқылы бағаланады, оларды нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдалануы мүмкін, бұл орайда нарық қатысушылары өзінің озық мүдделерінде әрекет етеді.

Қаржылық емес актив әділ құнының бағасы не активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдалану жолымен немесе осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде нарық қатысушысының экономикалық пайдасын еселеу мүмкіндігін ескереді. Компания бағалаудың пайда болған жағдаяттарында қолайлы және әділ құнын бағалау үшін жеткілікті деректерге қол жетімді бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл орайда бақыланатын орынды бастапқы деректерді мейлінше көп және бақыланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны қаржы есептілігінде бағаланатын немесе көрсетілетін барлық актив пен міндеттеме тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған сатылары аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – бірыңғай активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленуі бойынша (қандай да бір түзетулерсіз);
- 2-деңгей – сатының ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнын бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама бақыланатын болып табылатын баға үлгісі;
- 3-деңгей – сатының ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнын бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта бақыланабайтын болып табылатын баға үлгісі.

Қаржылық есептілікте кезеңдік негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында әр есепті кезеңнің аяғына жіктемені (тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайтадан талдай отырып Компания оларды саты көздері деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін айқындайды.

Жылжымайтын мүлік объектілері сияқты маңызды активтерді бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Негізгі құралдарды бағалау үш жылда бір рет кезеңділігімен жүргізіледі. Бағалаушыларды таңдау байқау негізде жүргізіледі. Іріктеу өлшемі ретінде нарықты білуі, беделі, тәуелсіздігі және кәсіби стандарттарға сәйкестігі қолданылады. Әр есепті кезеңге Компанияның есеп саясатына сәйкес қайта талдау және қайта бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелер құнының өзгерістерін Компания талдайды.

Осындай талдау аясында Компания соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді бағалау кезінде пайдаланылатын ақпаратты шарттармен және өзге де ақылға қонымды құжаттармен салыстыру жолымен тексереді. Компания және сыртқы бағалаушылар әр актив пен міндеттеменің әділ құнының өзгерісін өзгерістің негізділігін айқындау мақсатында тиісті сыртқы көздермен салыстырады.

Компания басшылығы мен сыртқы бағалаушылар бағалау нәтижелерін Компанияның аудиторлық комитетіне және тәуелсіз аудиторларға кезең кезеңімен ұсынады, бұл бағалау кезінде қолданылған негізгі жорамалдарды талқылауды болжайды. Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Компания активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әділ құн көздері сатысының қолданылатын деңгейі негізінде жіктейді.

Негізгі құралдардың әділ құнын талдау және оны айқындау әдістері туралы қосымша ақпарат *4-ескертпеде* келтірілген.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.6 Сату үшін немесе бас компанияның меншік иелері арасында бөлу үшін ұсталатын айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет

Компания айналымнан тыс активтерді және шығатын топтарды егер олардың теңгерімдік құны негізінен оларды ұзақ пайдалану нәтижесінде емес, оларды сату арқылы өтелуге жатса, сату үшін немесе бас компанияның меншік иелері арасында бөлу үшін ұсталатын ретінде жіктейді. Осындай айналымнан тыс активтер және сату үшін немесе бас компанияның меншік иелері арасында бөлу үшін ұсталатын ретінде жіктелген шығу топтары мына екі мәннің – теңгерімдік құнның және сатуға немесе бөлуге арналған шығындарды шегергендегі әділ құнның кішісі бойынша бағаланады.

Бөлуге арналған шығындар бөлумен тікелей байланысты қосымша шығындар болып табылады және өзіне қаржы шығындарын және пайдаға салынатын салық бойынша шығыстарды қамтымайды.

Объектіні сату үшін ұсталатын ретінде жіктеу өлшемі егер сату мүмкіндігі жоғары, ал активтер немесе шығу тобы өзінің ағымдағы күйінде жедел сатылуы мүмкін болған жағдайда сақталған болып есептеледі. Сатуды жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекеттер сатуға байланысты елеулі өзгерістердің, сондай-ақ сатуды болдырмаудың шағын мүмкіндігін көрсетуі тиіс. Басшылықтың жіктеу күнінен бастап бір жыл ішінде сатуды аяқтау нақты ниеті болуы тиіс.

Сатуға немесе бөлуге арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер өтелімге жатпайды.

Сату немесе бөлу үшін ұсталатын ретінде жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржы жағдайы туралы есепте айналымдағы/қысқа мерзімді баптар ретінде жеке ұсынылады.

Шығатын тоқтатылған қызмет ретінде мына жағдайда жіктеу өлшемдерін қанағаттандырады, егер шығып қалған ұйымның құрамдасы болса не сатуға арналған ретінде жіктелсе және:

- қызметтің жеке негізгі бағыты немесе қызмет жүзеге асырылған ірі географиялық өңірді білдірсе;
- қызметтің жеке негізгі бағытын немесе қызмет жүзеге асырылған ірі географиялық өңірді шығаруды жүзеге асыру жөніндегі бірыңғай үйлестірілген жоспарға енгізілген; не
- тек қана қайта сату үшін сатып алынған еншілес ұйым болса.

Тоқтатылған қызмет жалғастырылатын қызмет нәтижелерінен шығарылады және жиынтық табыс туралы есепте тоқтатылған қызметтен салық салудан кейінгі пайда немесе залал ретінде жеке бап болып көрсетіледі.

Жекелеген қаржылық есептілігіне барлық ескертпелер өзіне жалғастырылатын қызметке қатысты сомаларды қамтиды.

3.7 Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған өтелімді (жерден, технологиялық мұнайдан және аяқталмаған құрылыстан басқа) және қайта бағалау болған жағдайда ол болған күннен кейін танылған құнсыздануды болатын залалдарды шегергендегі әділ құны бойынша бағаланады. Компания өзінің негізгі құралдарын оларды ауыстырудың қалдық құнына дейін қайта бағалау жүргізу үшін кезең-кезеңімен тәуелсіз сарапшыларды тартады. Негізгі құралдарды қайта бағалау ссебін жүргізу саясатына сәйкес әр 3 жылда (жыл сайын қайта бағаланатын технологиялық мұнайды қоспағанда) қайта бағаланған активтің әділ құны оның теңгерімдік құнынан елеулі айырмашылығы болмағанына сенімділікті қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан құнның өсуі өзге де жиынтық кіріс құрамына жатады және сондықтан капиталдың құрамына кіретін активтерді, оның осы активтің құнын алдыңғы қайта бағалау салдарынан болған және жиынтық кіріс туралы есепте бұрын танылған бөлігін қоспағанда, активтерді қайта бағалау резерві қорының артуына жатады. Қайта бағалаудан болатын залал оның бұрын активті қайта бағалау резерві қорының құрамында танылған осы актив бойынша оң қайта бағалауын тікелей кемітетін бөлігін қоспағанда пайда мен шығыннан танылады.

Активтің қайта бағаланған теңгерімдік құны негізінде есептелген өтелім мен активтің бастапқы құны негізінде есептелген өтелім арасындағы айырмашылық активтерді қайта бағалау резервінен жыл сайын бөлінбеген пайдаға ауыстырылады. Сонымен қатар қайта бағалау күніне жинақталған өтелім активтің жалпы теңгерімдік құнын бір мезгілде азайта отырып алынып тасталады және одан кейін таза сома активтің қайта бағаланған құнына дейін жете бағаланады. Актив шығарылған кезде нақты сатылатын активке жататын қайта бағалау резерві бөлінбейтін пайдаға көшіріледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.7 Негізгі құралдар (жалғасы)

Негізгі құралдардың құны жабдықтар бөліктерін ауыстыру құнын және ұзақ мерзімді құрылыс жобалары жағдайында, егер оларды капиталдандыру өлшемдері орындалатын болса, қарыз жөніндегі шығындар. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың маңызды құраушыларын ауыстыру қажет болған жағдайда, Компания осындай құраушыларды өздеріне сәйкес дербес пайдалы қолдану мерзімдері бар жеке активтер ретінде таниды.

Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған өзге барлық шығын пайда немесе залал құрамында танылады.

Актив пайдаланылғаннан кейін оны пайдаланудан шығару бойынша күтілетін шығындардың келтірілген бағасы келешек шығындарға резервті тану критерийлері орындалатын болса, тиісті активтің бастапқы бағасына қосылады. Активтерді пайдаланудан шығару және жерлерді қайта өңдеу бойынша танылған резерв туралы бұдан әрі толық ақпарат үшін есепке алу пайымдарын, бағалау мәндерін және жол берушіліктерді қараңыз *(4 және 22-ескертпелерде)*.

Өтелім желілік әдіспен активтерді пайдалы қолданудың бағалау мерзімі ішінде келесі түрде есептеледі:

	Жылдар
Ғимараттар мен құрылыс	5-50
Машиналар мен жабдық	3-30
Құбырлар мен өзге де көлік активтері	5-30
Өзге де	2-10

Компанияның Есеп саясатына сәйкес технологиялық мұнай, аяқталмаған құрылыс және жер өтелімге жатпайды.

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрауыштарын тануды доғару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық тиімділік алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін пайдаға және залалға кіргізіледі.

Таратылу құны, активтерді пайдалы қолдану мерзімі және өтелім әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай түзетіледі.

3.8 Жалдау

Келісім жалдау екендігін немесе онда жалдау белгілері бар екенін айқындау жалдау қатынастары басталу күніне келісімнің мазмұнын талдауға негізделген. Егер келісімді орындау нақты активті немесе активтерді пайдалануға байланысты болса, және осы келісім нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы, бұл келісімде анық көрсетілмегеннің өзінде бір тараптан екінші тарапқа өтетін болса, келісім жалдау болады не онда жалдау белгілері болады.

Компания жалгер ретінде

Жалдау қатынастырының басталу күніне жалдау қаржылық немесе операциялық болып жіктеледі. Меншік құқығымен байланысты барлық тәуекел мен пайда іс жүзінде Компанияға өтетін жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.

Қаржылық жалдау жалданған мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне немесе бұл сома аз болса – ең аз жалдау құнының дисконтталған құны бойынша капиталдандырылады. Жалдау төлемдері қаржылық шығындар және жалдау бойынша міндеттеменің негізгі сомасының азаюы арасында міндеттеменің өтелмеген сомасына тұрақты пайыздық мөлшерлеме болатындай түрде бөлінеді.

Қаржылық шығындар жиынтық кіріс туралы есепте пайда мен залал құрамында тікелей көрінеді.

Жалға алынған актив активтің пайдалы қолдану мерзімі ішінде өтеледі. Алайда жалдау мерзімінің аяғында активке меншік құқығы Компанияға өтетініне негізделген сенімділік болмаса, актив мына кезеңдердің: пайдалы қолданудың есепті мерзімі және жалдау мерзімі – мейлінше қысқасы ішінде өтеледі.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы есепте пайдалар мен залалдар құрамында желілік әдіспен жалдаудың бүкіл мерзімі ішінде операциялық шығыстар ретінде танылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.8 Жалдау (жалғасы)

Компания жалға беруші ретінде

Компанияда активке қатысты меншік құқығымен байланысты барлық тәуекел мен пайда іс жүзінде қалатын жалдау операциялық жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шартын жасасу кезінде шеккен бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің теңгерімдік құнына кіреді және жалдаудан түсетін табыс сияқты жалдау мерзімі ішінде танылады.

Шартты жалдау төлемі ол алынған кезеңде түсім құрамында танылады.

3.9 Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы танылған кезде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған өтелімді және құнсыздануды болған жинақталған залалды шегергенде (олар болған ретте) бастапқы құны бойынша есептеледі. Компания ішінде жүргізілген материалдық емес активтер өнім әзірлеуге арналған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, капиталдандырылмайды және тиісінше шығыс туындаған есепті кезең үшін жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімі шектеулі.

Пайдалы қолдану шектеулі мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзім ішінде өтеледі және егер осы материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Өтелім активтер қызметінің бағаланған пайдалы мерзімі үшін тік желілік әдіспен есептеледі. Материалдық емес активтер негізінен бес жыл ішінде өтеледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес актив үшін өтелімді есептеу кезеңі мен мерзімі кем дегенде әр есепті кезеңнің аяғында қайта қаралады. Активке кіргізілген келешек экономикалық тиімділікті пайдалы қолданудың болжалды мерзімінің немесе тұтынудың болжалды құрылымының өзгерісі тиісінше өтелім кезеңін немесе есептеу әдісін өзгертеді және есепке алу бағаларының өзгерісі ретінде ескеріледі.

Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтердің өтеліміне келетін шығындар жиынтық кіріс туралы есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активтерді танудың тоқтатылуынан болатын кіріс немесе шығыс активтің шығуынан болатын таза түсім және активтің теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық ретінде өлшенеді және осы активті тану тоқтатылған кездегі жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

3.10 Зерттеулерге және әзірлеулерге арналған шығындар

Зерттеулерге арналған шығындар шығыстарға олардың пайда болуына қарай жатқызылады. Нақты өнімді әзірлеуге арналған шығындар нәтижесінде пайда болған материалдық емес активті Компания мыналарды көрсетсе танылады:

- материалдық емес активті жасаудың техникалық мүмкіндігі, активтің пайдалануға немесе сатуға қол жетімді болуы;
- материалдық емес активті әзірлеуді аяқтауға, сондай-ақ активті пайдалануға немесе сатуға мүмкіндік немесе ниет болуы;
- актив болашақ экономикалық пайдалылықпен қалай ұштасатындығы;
- әзірленімді аяқтау ресурстардың жеткілікті болуы;
- активті әзірлеу барысында шығындарды сенімді бағалау қабілеті.

Әзірленімге арналған шығындарды актив ретінде әуелгі танудан кейін активтер жиналып қалған өтелімді және құнсыздануды болған жиналып қалған шығындарды шығарып тастағанда бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Активтер өтелімі әзірленім аяқталған соң, актив пайдалануға дайын болғанда басталады және болашақ экономикалық пайданы алудың болжамды кезеңі ішінде жүргізіледі. Өтелім сату өзіндік құнында көрсетіледі. Әзірлеу кезеңінде актив жыл сайын құнсыздануға тестіден өткізіледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.11 Қаржы емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Компания активтің мүмкін болатын құнсыздану белгілері болуын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Компания активтің өтелетін құнын бағалау жүргізеді. Активтің немесе ААТБ өтелетін құны – мына шамалардың ең үлкені: сатуға арналған шығындарды шегергенде активтің (бұдан әрі – «ААТБ») әділ құны және активті (ААТБ) пайдаланудан болатын құндылық. Актив негізінен басқа активтер немесе активтер тобы тудыратын ағындарға тәуелсіз ақша қаражаты ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда өтелетін құн жеке актив үшін айқындалады. Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады. Пайдаланудан болатын құндылықтарды бағалау кезінде келешек ақша ағындары активке тән ақшаның және тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

Сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық мәмілелер ескеріледі (егер ондай мәмілер орын алса). Олар болмаған ретте бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания құнсыздану сомасын Компанияның жеке активтер жатқызылатын әр ААТБ үшін жеке дайындалатын осындай жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте бес жылға жасалады. Негұрлым ұзақ кезеңдер үшін өсудің ұзақ мерзімді қарқыны есептеледі, ол бесінші жылдан кейінгі келешек болжамды ақша ағындарына қатысты қолданылады.

Созылатын қызметтер бойынша (қорлардың құнсыздануын қоса есептегенде) құнсыздануынан болатын залалдар қайта бағалау өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған, бұрынғы қайта бағаланған негізгі құралдарды қоспағанда, құнсызданған актив қызметіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы жиынтық кіріс есебінде танылады. Осы ретте құнсызданудан болатын залал да бұрын өткізілген қайта бағалау сомасы шегінде өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады.

Әрбір есепті күнге Компания бұрын активтің құнсыздануынан болған деп танылған залалдардың енді жоқ екендігінің немесе қысқарғандығының белгілерін анықтайды. Егер мұнай белгі бар болса, Компания активтің өтелетін құнын немесе ААТБ есептейді. Кейінгі құнсызданудан болған деп танылған залалдардан бері активтің өтелетін құнын анықтау үшін қолданылған бағада өзгеріс болған жағдайда ғана бұрын құнсызданудан болған деп танылған залалдар қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда теңгерімдік құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, теңгерімдік құны бойынша танылуы мүмкін. Құнды бұлайша қалпына келтіру актив қайта бағаланған құны бойынша есептелген жағдайларды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы есепте танылады. Бұл жағдайда құнды қалпына келтіру қайта бағалаудан болған өсім ретінде есептеледі.

3.12 Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері тиісінше пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері; қарыздар мен дебиторлық берешек; өтелгенге дейін ұсталып тұратын инвестиция; сату үшін қолда бар қаржы активтері, тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралы ретінде айқындалған туынды құралдар ретінде жіктеледі. Компания өз қаржы активтерін олар бастапқы танылған кезде жіктейді.

Қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, алғашқыда мәміле бойынша онымен тікелей байланысты шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша танылады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта («стандартты жағдайлардағы» сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәміле ол жасалған күнге, яғни Компания активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Компанияның қаржы активтері ақша қаражаттарды, банк салымдары, сауда және басқа да дебиторлық берешекті қамтиды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.12 Қаржы активтері (жалғасы)

Кейінгі бағалау

Қаржы активтерінің кейінгі бағалауы олардың жіктелуіне байланысты болады:

Берілген қарыздар мен дебиторлық берешек

Берілген қарыздар мен дебиторлық берешек белгіленген немесе анықталған төлемдері бар туындамайтын қаржы активін білдіреді, белсенді нарықта олардың бағасы белгіленбейді. Алғашқы танылғаннан кейін мұндай қаржы активтері құнсызданудан болған залалдарды шегеріп тастап, тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданып анықталатын өтелімдік құны бойынша бағаланады.

Өтелімдік құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйлықақылар, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болатын комиссиялық немесе шығындар ескеріліп есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану негізінде өтелім жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландырудан алынған табыс құрамына енгізіледі. Құнсызданумен байланысты шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте қаржы шығындары құрамында және дебиторлық берешек болған кезде жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамында есептеледі.

Өтеуге дейін ұсталып тұратын инвестициялар

Тіркелген немесе анықталған төлемдері және тіркелген өтелу мерзімі бар туынды емес қаржы активтері Компания оларды өтеу мерзіміне дейін нық ұстап тұруға ниетті және қабілетті болғанда өтеуге дейін ұсталып тұратын инвестиция ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұсталып тұратын инвестиция алғаш бағалағаннан кейін құнсызданудан болған залалдарды шегеріп тастап, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданып анықталатын өтелімдік құны бойынша бағаланады. Өтелімдік құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйлықақылар, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болатын комиссиялық немесе шығындар ескеріліп есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің өтелімі пайда немесе залал туралы есепте қаржыландырудан алынған табыс құрамына енгізіледі. Құнсызданумен байланысты шығыстар пайда немесе залал туралы есепте қаржы шығындары құрамында есептеледі. Компанияның 2014 және 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын есепті кезеңдер ішінде өтеуге дейін ұсталып тұратын салымдары болған.

Тануды доғару

Қаржы активі (немесе қолданылу ретіне қарай – қаржы активінің бөлігі немесе осындай қаржы активтері тобының бөлігі) тануды доғарады, егер:

- активтен ақша ағынын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания өзінің активтен ақша ағынын алу құқығын берсе не алынатын ақша ағынын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша айтарлықтай кідіртусіз үшінші тарапқа төлеуге өзіне міндеттеме алса; және не (а) Компания активтен болатын барлық тәуекел мен табысты іс жүзінде берсе, не (б) Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, бірақ осы активке бақылауды берсе.

Егер Компания өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, жаңа актив Компания берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде танылады.

Бұл жағдайда Компания тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады. Берілген активке кепілдік нысанындағы жалғасқан қатысу активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе Компаниядан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.13 Қаржы активтерінің құнсыздануы

Сондай-ақ қаржы активтерінің құнсыздануы туралы толық ақпаратты ашу мына ескертпелерде берілген:

- Маңызды есеп жүргізу пайымдаулары, бағалау мәндері және болжаулар *(5-ескертпе)*;
- Негізгі құралдар үшін жеткізушілерге берілген алғытөлемдер *(25-ескертпе)*;
- Сауда дебиторлық берешек *(11-ескертпе)*;
- Жеткізушілерге берілген алғытөлемдер *(12-ескертпе)*;
- Өзге де ағымдағы активтер *(14-ескертпе)*.

Әрбір есепті күнге Компания қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының уәжді белгілері болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы активтерді бастапқы танудан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде құнсызданғандығының уәжді дәлелі болса («залал шегу жағдайының» болуы), олар қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша күтіліп отырған болашақ ақша ағынына сеніммен үміт күтерлік ықпал етсе, құнсызданды деп есептеледі.

Құнсыздану дәлелі борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиыншылықтар көріп отырғанын көрсетуді, өзінің қарызын өтей алмауды немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді тиянақты жүзеге асырмауды, сондай-ақ олар банкроттық немесе өзге түрде қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізуі мүмкін болуын қамтиды. Бұдан басқа, мұндай дәлелдерге қаржы құралдары бойынша күтіліп отырған болашақ ақша ағынының бағалауға болатын төмендеуін көрсететін бақыланатын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемінің өзгеруі немесе борыштарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартумен белгілі бір байланыста тұрған экономикалық жағдайлардың болуы жатады.

Өтелімдік құн бойынша ескерілетін қаржы активтер

Өтелімдік құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты Компания алдымен жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының уәжді дәлелдері бар екендігіне не жинақтай алғанда жекелей маңызды емес қаржы активтері бойынша бағалау жүргізеді. Егер Компания жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының уәжді дәлелдері оның маңызына тәуелсіз жоқ екендігін анықтаса, ол бұл активті кредит тәуекелінің осындай сипаттамасы бар қаржы активтері тобына қосады, ал сонан соң бұл активтерді жиынтық негізде құнсыздану мәніне қарастырады. Құнсыздану мәніне жеке бағаланатын активтер бойынша не құнсызданудан болған залалдарды тану жалғастырылады, не құнсыздану мәніне жиынтық бағаға енгізілмейді.

Құнсызданудан болған залал шегудің уәжді дәлелі болған ретте, залал сомасы активтің теңгерімдік құны мен күтіліп отырған болашақ ақша ағынының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде (әлі шекпеген болашақ күтіліп отырған кредиттік залалдар ескерілмей) бағаланады. Есепті болашақ ақша ағындарының келтірілген құны қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша шегеріледі.

Активтің теңгерімдік құны резерв шотын қолдану арқылы кемітіледі, ал залал сомасы жиынтық кіріс туралы есепте танылады. Төмендетілген теңгерімдік құны бойынша пайыздық кірісті есептеу құнсызданудан болған залалды бағалау мақсатында болашақ ақша ағындарын шегеру үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделіп, жалғасады. Пайыздық кірістер қаржыландырудан болған кірістер құрамында жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Қарыздар егер оларды болашақта өтеудің айқын келешегі болмаса, ал барлық қол жетімді қамтамасыз ету іске асырылған не Компанияға берілген болса, тиісті резервтермен бірге теңгерімнен шығарылады.

Егер келесі жыл ішінде құнсызданудан болған есепті залал сомасы құнсыздануды танығаннан кейін болған әлдебір оқиғадан ұлғайса не кемісе, құнсызданудан болған бұрын танылған залал сомасы резерв шотын түзету арқылы ұлғаяды не кемиді. Егер қаржы құралы құнының бұрынғы есептен шығарылуы кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс есебінде қаржы шығындарының кемуі ретінде танылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.14 Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер тиісінше пайда немесе залал, кредиттер және қарыз, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралы ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы тану кезінде жіктейді.

Барлық қаржылық міндеттеме бастапқыда олармен мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (қарыздар мен несиелер және кредиторлық берешек жағдайында) әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиттік берешекті, кредиттер мен қарыздарды, қаржылық кепілдік шарттарын қамтиды.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

Несиелер мен қарыздар

Бастапқы танудан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып, өтелімдік құны бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану доғарылғаннан кейін жиынтық кіріс туралы есепте, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып өтелім есептелуіне қарай танылады.

Өтелімдік құн сатып алу кезінде шегерімдер мен сыйлықақылар, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болатын комиссиялық пен шығындар ескеріліп есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме өтелімі жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландыру бойынша шығындар құрамына қосылады.

Қаржы кепілдігі шарттары

Қаржы кепілдігі шарттары осы шарт иесі белгілі бір борышкердің борыш құралдары шарттарына сәйкес уақтылы төлеуді жүзеге асыруға қабілетсіздігінің салдарынан шеккен залалдарды өтеу үшін төлем жасауды талап етуші шарттарды білдіреді. Қаржы кепілдігі шарттары бастапқыда кепілдікті шығарумен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар ескерілген әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме есепті күнге бар міндеттемені өтеу үшін қажетті шығындарды аса үздік бағалау және жинақталған өтелімді шегерген міндеттемелердің танылған сомасы өлшемдерінің ең кобі бойынша бағаланады.

Тануды доғару

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттемелерді тану егер міндеттеме өтелген, жойылған немесе оның қолданылу мерзімі біткен болса, доғарылады.

Егер бар қаржылық міндеттеме елеулі айырмашылығы бар шарттарда сол кредитордың алдында басқа міндеттемемен ауыстырылатын болса немесе егер бар міндеттеменің шарттары елеулі өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы міндеттемені тануды доғару және жаңа міндеттемені тану ретінде ескеріледі, ал олардың теңгерімдік құнындағы айырма жиынтық кіріс туралы есепте кіріс немесе шығыс ретінде ескеріледі.

3.15 Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға жатады, ал қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте берілген таза сома қазіргі кезде заңды қорғаумен қамтамасыз етілген танылған сомаларды өзара есепке алуға құқық болған кезде, сондай-ақ таза негізде есеп айырысуға не активтерді өткізіп, сонымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниет болғанда жүзеге асырылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.16 Қорлар

Қорлар екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі: өзіндік құн және өткізудің таза құны. Қорлардың бастапқы құны қорларды орнына жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты кәдімгі қызмет барысында шеккен барлық шығынды өзіне қамтиды.

Өткізудің таза құны өндірісті аяқтауға арналған болжамды шығыстар мен өткізуге кеткен бағалау шығындарын шегеріп тастап, кәдімгі қызмет барысында сатудың есепті бағасы ретінде анықталады.

Қорлардың өзіндік құны ФИФО әдісін пайдалану арқылы айқындалады.

3.17 Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте ақшалай қаражат және олардың баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, қысқа мерзімді банк салымдары, өтеудің бастапқы мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің мақсаттары үшін ақша қаражаттары мен олардың баламалары өтелмеген банкілік овердрафтарды шегеріп тастағанда, жоғарыдағы анықтамаға сай, ақша қаражаттарынан және қысқа мерзімді салымдардан тұрады.

3.18 Резервтер

Егер Компанияның өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдық міндеттемесі болса (заңды немесе тәжірибеден шыққан); осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады.

Егер Компания резервтің бір бөлігінің немесе немесе барлығының өтемін алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу дербес актив ретінде танылады, бірақ тек өтеуді алу күмән туғызбайтын жағдайда. Резервке жататын шығыстар өтеуді шегеріп тастап, пайдалар мен залалдарда көрсетіледі.

Компания активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша болашақ шығындарға қатысты резервті таниды Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу шығындары бойынша резервтер есепті ақша ағынын пайдалануды есеп алған міндеттемелерді реттеуге жұмсалатын күтілетін шығындардың дисконтталған бағасы бойынша ескеріледі және тиісті актив бағасының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконттау әсері пайда болуына қарай шығындар шотына қарайды және жиынтық кіріс туралы есепте қаржы шығындары ретінде танылады. Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша болашақ шығындар жыл сайын қайта қаралып отырады және қажеттілігіне қарай түзетіледі. Күтілетін болашақ шығындардағы немесе дисконттаудың қолданылатын мөлшерлемесіндегі өзгерістер актив бағасына қосылады немесе алынады *(4-ескертпе)*.

3.19 Қызметкерлерге сыйақы

Компания өз қызметкерлеріне Компания мен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шартқа сәйкес зейнеткерлікке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы ұсынады. Ұжымдық шарт, атап айтқанда, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастыру қажеттігімен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақылар ұсыну құны «болжанатын шартты бірлік» әдісін пайдалана отырып айқындалады. Актуарлық пайда мен залал актуарлық болжамдардағы өзгерістердің әсерін де, актуралық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмашылықтарға байланысты өткен тәжірибенің әсерін де қамтиды. Өзге өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, өткен қызметтер құнын жіне кадрлық қысқартулар немесе жүзеге асырылған есеп айырысулар әсерін қамти отырып ағымдағы кезеңде танылады. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.19 Қызметкерлерге сыйақы (жалғасы)

Зейнетақылық міндеттемелерді есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжам – бұл дисконт мөлшерлемесі мен өлім-жітімді болжау. Шегерім мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша шегерім өтелімі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздық шығыстар ретінде көрсетіледі. Өлім-жітімді болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Өзіне актуарлық пайдалар мен залалдарды қамтитын қайта бағалау нәтижелері тиісті соманы тиісті кірістер мен шығыстар пайда болған кезеңдегі өзге де жиынтық табыс арқылы меншік капитал құрамына тиісті соманы жатқыза отырып, қаржы жағдайы туралы есепте тікелей танылады. Қайта бағалау нәтижелері кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелмейді.

Таза пайыздар белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза-міндеттемелерге қатысты дисконттау ставкасын пайдалана отырып айқындалады. Компания жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «Өзіндік құн», «Әкімшілік шығыстар» және «Қаржылық шығыстар» баптары құрамында (қызметтер бойынша жіктей отырып) белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза-міндеттемелердің аталған өзгерістерін таниды:

- өзіне ағымдағы қызметтер құнын, өткен қызметтер құнын қамтитын қызметтер құны;
- таза пайыздық шығыстар немесе кірістер.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады.

3.20 Түсімді және басқа да кірістерді тану

Егер Компаниямен экономикалық пайда алу мүмкін деп бағаланса және егер түсім төлем жасау мерзіміне тәуелсіз сенімді бағалануы мүмкін болса, сол жағдайда пайда танылады. Түсім шартта анықталған төлем ережелері ескеріліп және салықтар немесе баждар шегеріліп, алынған немесе алуға жататын өтем әділ бағасы бойынша бағаланады. Компания түсім алуды көздейтін өзі жасаған шарттарды өзі принципал ма әлде агент пе дегенді анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес талдайды. Компания өз қызметтеріне комиссияны табыс ретінде танитын, Компания агент ретінде қатысатын көліктік экспедициялау шарттарын қоспағанда барлық осындай шарт бойынша (шарт бойынша өзіне міндеттеме алатын негізгі тарап болғандықтан шартпен байланысты пайданы алады және тәуекелдерді қабылдайды) принципал ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді. Пайданы тану үшін мынадай өлшемдер де орындалуы тиіс:

Тасымалдау бойынша қызметтер ұсыну

Тасымалдау және ауыстырып құю қызметтерінен алынған кіріс есепті кезеңде тасымалданған мұнай мен судың нақты көлемі негізінде қызметтер көрсету кезінде танылады.

Басқа да қызметтерді ұсыну

Басқа да қызметтерді ұсынудан алынған кірістер оларды көрсету кезінде танылады.

Пайыздық кіріс

Өтелімдік құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралы және қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралының болжалды пайдалану мерзімі бойына немесе егер бұл орынды болса қаржы активінің немесе міндеттемесінің таза теңгерімдік құнына дейінгі ұзақтығы кемдеу кезеңіне күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімін дәл дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландырудан алынған табыс ретінде көрсетіледі.

Дивидендтер

Дивидендтерден алынған кіріс Компанияның төлемді алуға құқығы белгіленгенде танылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.20 Түсімді және басқа да кірістерді тану (жалғасы)

Жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлемнен түскен кіріс

Жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлемнен түскен кіріс «айда немесе төле» ережелерінде мұнай тасымалдау қызметтерін көрсетуге арналған шарттарға сәйкес танылады.

Клиенттерден алынған негізгі құралдар

Компания алынған объект актив айқындамасын қанағаттандыратынын айқындайды, және бұл солай болса алынған активті негізгі құрал ретінде таниды. Бастапқы танылған кезде объект әділ құн бойынша бағаланады, және Компанияның болашақ кезеңдерге қатысты орындалуы керек міндеттемелері болған кезде, тиісті сома болашақ кезеңдер кірісі ретінде немесе Компанияның мұндай міндеттемелері болмаған жағдайда басқа операциялық кіріс ретінде танылады.

3.21 Салықтар

Пайдаға ағымдағы салық

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер және міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы бұл Компания өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын Қазақстан Республикасында қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын пайдаға ағымдағы салық жиынтық кіріс және залал туралы есепте емес, капитал құрамында танылады. Компания басшылығы салық декларацияларында көрсетілген көрсеткіштерді бағалауды мезгіл-мезгіл жүзеге асырады, тиісті салық заңнамасы оларға қатысты әртүрлі түсінілуі мүмкін, сөйтіп қажет болуына қарай резервтер жасалады.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық

Мерзімі кейінге қалдырылған салық есепті күнге активтердің мен міндеттемелердің салық базасы және олардың қаржылық есептілігі үшін теңгерімдік құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен есептеледі.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемелері барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мына жағдайларды қоспағанда танылады:

- мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде, бизнесті біріктіру емес мәмілелер барысында пайда болады және операцияларды жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға әсер етпейді;
- еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке үлестермен қатысуға инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасының уақыттың азайып болінуін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

- шегерілетін уақыт айырмасына жататын мерзімі кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса;
- еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке үлестермен қатысуға инвестициялармен байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады, уақыт айырмашылықтары оған қарсы пайдаланылуы мүмкін.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.21 Салықтар (жалғасы)

Мерзімі кейінге қалдырылған салық (жалғасы)

Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің жиыны немесе бір бөлігі жеткілікті салық салынатын пайда деңгейінде кемітіледі. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелер есепті күнге жағдай бойынша қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған активтер өткізілген, ал міндеттеме өтелген есепті жылы қолданылуы мүмкін салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында танылмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтар баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес басқа жиынтық кіріс құрамында танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңдық бекітілген құқығы бар болса және кейінге қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Сату бойынша ҚҚС тауарларды жөнелту немесе қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының бюджетіне төлеуге жатады. Сатып алулар бойынша ҚҚС жеткізушіден салық шот-фактурасын алған кезде сату бойынша ҚҚС-мен есепке алуға жатады.

Түсім, шығыстар мен активтер активтерді немесе қызметтерді сатып алу бойынша пайда болған қосылған құн салығын салық органдары өтемейтін жағдайларды қоспағанда, қосылған құн салығының сомасы шегеріліп, танылады; бұл жағдайда қосылған құн салығы тиісінше активті сатып алу шығыстарының бір бөлігі немесе шығыстар бабының бір бөлігі ретінде танылады.

Салық заңнамасы ҚҚС бойынша бюджетпен таза негізде есеп айырысу жүргізуге рұқсат етеді. Тиісінше, есепті күнге есеп айырысу жүргізілмеген сату және сатып алу бойынша ҚҚС қаржылық жағдай туралы есепте таза негізде көрсетіледі.

Салық заңнамасының және Компания қызметінің ерекшелігіне қарай өтеуге жататын ҚҚС-тың белгілі бір бөлігі кейінгі жылдарға ауыстырылуы мүмкін. ҚҚС-тың мұндай бөлігі ұзақ мерзімді актив ретінде жіктеледі, құнсыздану мәніне бағаланады және бар ААТБ бөлінген жеке актив ретінде қаралады.

Дебиторлық және кредиторлық берешек ҚҚС сомасы есебімен бейнеленеді.

Салық органы өтейтін немесе оған төленетін ҚҚС-ның таза сомасы өтелетін ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алдын ала төлем, сондай-ақ жекелеген қаржы жағдайы туралы есепте көрінетін төлеуге жататын өзге де салықтар құрамына кіргізіледі.

3.22 Капитал

Жарғылық капитал

Кәсіпорындарды біріктірген жағдайларды қоспағанда, жаңа акциялар шығарумен тікелей байланысты үшінші жақтарға қызметтеріне ақы төлеу шығындары осы эмиссия нәтижесінде алынған соманың кемуі ретінде өз капиталы құрамында көрсетіледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.22 Капитал (жалғасы)

Дивидендтер

Компания ақша қаражатын бөлу бекітілген және бұдан былай Компанияның қарау мәні болмағанда бас ұйым акционерлеріне бөлуге қатысты міндеттемені және сенімсіз активтерді таниды. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бөлуді акционерлер бекітеді. Тиісті сома тікелей меншік капиталы құрамында танылады. Сенімсіз активтерді бөлуге қатысты міндеттеме бөлуге жататын активтердің әділ құны бойынша бағаланады, ал бұл активтердің әділ құнын қайта бағалау тікелей меншік капиталы құрамында танылады. Сенімсіз активтерді бөлу кезінде міндеттеменің теңгерімдік құны мен бөлінген активтер теңгерімдік құны арасындағы айырма жиынтық кіріс туралы есепте танылады. Дивидендтер есепті күнге дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе бекітілсе (жарияланса), олар туралы ақпарат есептілікте ашып жазылады.

3.23 Есеп жүргізу саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашу қағидаттары

Қабылданған есеп жүргізу саясаты төменде келтірілген жаңа немесе қайта қаралған 2014 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген Стандарттарды қоспағанда, алдыңғы есепті жылы қолданылған есеп жүргізу саясатына сәйкес келеді.

Компания алғаш рет қолданған жаңа стандарттар, түсіндірмелер және оларға түзетулер

Компания алғаш рет кейбір жаңа стандарттарды және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулерді қолданады. Оларға мыналар жатады:

- *«Инвестициялық ұйымдар»* – ҚЕХС (IFRS) 10, ҚЕХС (IFRS) 12 және ҚЕХС (IAS) 27-ге түзетулер;
- *«Қаржылық активтерді және қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу»* – ҚЕХС (IAS) 32-ге түзетулер;
- *«Туынды құралдарды жаңалау және хеджирлеу есебін жалғастыру»* – ҚЕХС (IAS) 39-ға түзетулер;
- КРМФО (IFRIC) 21 *«Міндетті төлемдерге» түсіндірме.*

Әрбір жаңа стандарттың/түзетудің сипаттамасы мен ықпалы төменде баяндалған:

«Инвестициялық ұйымдар» – ҚЕХС (IFRS) 10, ҚЕХС (IFRS) 12 және ҚЕХС (IAS) 27-ге түзетулер

Бұл түзетулер ҚЕХС (IFRS) 10 *«Шоғырландырылған қаржы есептілігіне»* сай инвестициялық ұйым анықтамасын қанағаттандыратын ұйымға арналған шоғырландыру туралы талаптарға қатысты ерекшелікті көздейді және стандартты пайдалануға өтуге қатысты белгілі бір босатуларды шолып қолданылуы тиіс. Шоғырлануға қатысты ерекшелікке сай инвестициялық ұйымдар пайда мен залал арқылы әділ құн бойынша өзінің еншілес ұйымдарын ескеруге тиіс. Түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

«Қаржылық активтерді және қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу» – ҚЕХС (IAS) 32-ге түзетулер

Осы түзетулер «қазіргі кезде заңдық қорғалумен қамтамасыз етілген танылған сомалар есебін жүзеге асыру құқығы бар» сөздерінің және бір мезгілді емес есеп айырысулар механизмдерінің қолданылатын есеп айырысу төлемдері үшін өзара есепке алу өлшемдерін түсіндіреді әрі шолу түрінде қолданылады. Осы түсіндірмелер Компанияның өзара есепке алу туралы келісімдері болмағандықтан, Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

«Туынды құралдарды жаңалау және хеджирлеу есебін жалғастыру» – ҚЕХС (IAS) 39-ға түзетулер

Осы түзетулер хеджирлеу құралы ретінде белгіленген туынды құралдарды жаңалау белгілі бір өлшемдерді қанағаттандырған жағдайда, хеджирлеу есебін доғарудан босатуды көздейді және шолу түрінде қолданылуы тиіс. Осы түзетулер есепті және одан алдыңғы кезеңдер ішінде Компанияның туынды құралдары болмағандықтан, Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.23 Есеп жүргізу саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашу қағидаттары (жалғасы)

Компания алғаш рет қолданған жаңа стандарттар, түсіндірмелер және оларға түзетулер (жалғасы)

ҚЕХСТК (IFRIC) 21 «Міндетті төлемдерге» түсіндірме

ҚЕХСТК (IFRIC) 21 түсіндірме ұйым соның салдарынан заңнамаға сай төлем жөнінде міндет туындайтын қызметін жүзеге асыру кезінде міндетті төлем төлеу жөніндегі міндеттемелерін танитындығын нақтылайды. Түсіндірме сондай-ақ егер міндетті төлем төлеу жөніндегі міндеттеме әлдебір ең аз деңгейлік мәнге жеткен кезде туындаса, тиісінше міндеттеме осындай ең аз деңгейлік мәнге жеткенге дейін танылмайтындығын нақтылайды. ҚЕХСТК (IFRIC) 21 түсіндірмесі шолу түрінде қолданылады. Осы түсіндірме алдыңғы кезеңдердегі ҚЕХСТК (IFRIC) 21 түсіндірмесінің талаптарына сәйкес ҚЕХС (IAS) 37 *«Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтерге»* сай тану қағидаттарын қолданғандықтан, Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде шығарылған, бірақ Компания қаржылық есептілікті шығару күніне әлі күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріліп отыр. Тізімге Компания бұл стандарттарды олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

2014 жылғы шілдеде ҚЕХС жөніндегі кеңес ҚЕХС (IFRS) 9 *«Қаржы құралдарының»* түпкілікті нұсқасын шығарды, ол қаржы құралдары жөніндегі жобаның барлық кезеңі нәтижелерін көрсетеді және ҚЕХС (IAS) 39 *«Қаржы құралдары: тану және бағалауды»* әрі ҚЕХС (IFRS) 9-дың барлық нұсқасын ауыстырады. Стандарт жіктеуге және бағалауға, күнсыздануға және хеджирлеу есебін жүргізуге қатысты жаңа талаптар енгізеді. ҚЕХС (IFRS) 9 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Стандарт шолу түрінде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпарат ұсыну міндетті болып табылмайды. ҚЕХС (IFRS) 9-дың алдыңғы редакцияларын (2009 жылғы, 2010 жылғы және 2013 жылғы) мерзімінен бұрын қолдануға, егер бастапқы қолдану күні 2015 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңге келсе, жол беріледі. ҚЕХС (IFRS) 9-ды қолдану Компанияның қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға әсер етеді, бірақ Компанияның қаржы міндеттемелерін жіктеуге және бағалауға әсер етпейді.

ҚЕХС (IFRS) 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтар шоттары»

ҚЕХС (IFRS) 14 міндетті емес стандарт, ол қызметі тарифтік реттеуге жататын ұйымдарға ҚЕХС-ты алғашқы қолданғаннан соң кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтар шоттары бойынша қалдықтарға қатысты өздері пайдаланған қолданыстағы есеп саясаты қағидаттарын пайдалануды жалғастыруға рұқсат береді. ҚЕХС (IFRS) 14 пайдаланатын ұйымдар кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтар шоттарын қаржылық жағдай туралы есепте жеке жолдармен, ал осындай қалдықтар бойынша қозғалысты пайда немесе залал туралы есепте және өзге де жиынтық табыста жеке жолдармен ұсынуға тиіс.

Стандарт тарифтік реттеу сипаты және олармен байланысты тәуекелдер туралы, сондай-ақ осындай реттеудің ұйымның қаржылық есептілігіне әсері туралы ақпараттың ашылуын талап етеді. ҚЕХС (IFRS) 14 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Компания ҚЕХС бойынша есептілікті қазірдің өзінде дайындап отырғандықтан, бұл стандарт оның қаржылық есептілігіне қолданылмайды.

ҚЕХС (IAS) 19 «Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарламалар: Қызметкерлердің жарналарына» түзетулер

ҚЕХС (IAS) 19 белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарламаларды есепке алу кезінде ұйымның қызметкерлер немесе үшінші тараптар жарналарын есепке алуын талап етеді. Егер жарналар қызметтермен байланысты болса, олар теріс сыйақы ретінде қызметтер көрсету кезеңдеріне жатқызылады. Түзетулер егер жарналар сомасы жұмыс өтіліне тәуелсіз болса, жарналарды қызметтер көрсету кезеңдеріне жатқызу орнына ұйым мұндай жарналарды тиісті қызметтер көрсетілген кезеңдегі қызметтер құнының азаюы ретінде тануға құқылы екендігін түсіндіреді. Компания бұл түзетулерді Компания үшін қолданылатын болады деп күтпейді, өйткені Компанияның қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар тарапынан жарналарымен белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарламалары жоқ.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.23 Есеп жүргізу саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашу қағидаттары (жалғасы)

ХҚЕС-ты жыл сайын жетілдіру, 2010-2012 жылдар кезеңі

Осы түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді және Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп болжануда және өзіне мына түзетулерді қамтиды:

ҚЕХС (IFRS) 2 «Акцияларға негізделген төлем» (Түзету)

Бұл түзету қайталай қолданылады және нәтижелерге жетудің белгілі бір жағдайларымен және құқық беру жағдайлары болатын қызметтер көрсету кезеңінің жағдайларымен байланысты түрлі мәселелерді түсіндіреді:

- нәтижелерге қол жеткізу жағдайы қызметтер көрсету кезеңдері ережелерін қамтуы тиіс;
- мақсатты көрсеткішке контрагенттің қызметтер көрсету уақытында қол жеткізілуі тиіс;
- мақсатты көрсеткіш ұйымның немесе сол топтың құрамындағы басқа ұйымның қызметіне жатқызылуы тиіс;
- нәтижелерге қол жеткізу жағдайлары нарықтық жағдай болуы немесе ондай болмауы мүмкін;
- егер контрагент әлдебір себеппен құқық берілген кезең ішінде қызметтер көрсетуді доғарса, қызметтер көрсету кезеңнің шарттары орындалмайды.

ҚЕХС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру» (Түзету)

Түзету келешекте де қолданылады және бизнестің біріктірілуімен байланысты міндеттемелер (немесе активтер) ретінде жіктелген шартты өтеу туралы барлық келісім соңында ҚЕХС (IFRS) 9 (немесе ҚЕХС (IAS) 39, егер қолданылатын болса) қолданылу саласына жататындығына немесе жатпайтындығына байланыссыз пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланады.

ҚЕХС (IFRS) 8 «Операциялық сегменттер» (Түзетулер)

Түзетулер қайталай қолданылады және мыналарды түсіндіреді:

- ұйым 12 ҚЕХС (IFRS) 8 тармағында біріктіру шамаларын қолдану кезінде басшылық пайдаланған пайымдау туралы ақпаратты, оның ішінде осындай түрде біріктірілген операциялық сегменттердің қысқаша сипаттамасын және біріктірілген экономикалық сегменттердің ұқсас экономикалық сипаттамалары болатындығы туралы қорытындыны қалыптастыру кезінде бағаланған экономикалық индикаторлар (мысалы, сатулар және жалпы маржа) туралы ақпаратты ашуға тиіс;
- сегменттер активтерін және жинақталған активтерді салыстыру туралы ақпарат салыстыру операциялық шешім қабылдайтын басшылыққа сегменттер міндеттемелері бойынша ашылатын ақпарат сияқты берілетін жағдайда ғана ашылады.

ҚЕХС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» және ҚЕХС (IAS) 38 «Материалдық емес активтер» (Түзетулер)

Түзетулер қайталай қолданылады және *ҚЕХС (IAS) 16* және *ҚЕХС (IAS) 38* аясында актив оның жалпы немесе таза теңгерімдік құнына қатысты байқалып отырған деректер негізінде қайта бағалана алатынын түсіндіреді. Сонымен қатар жинақталған өтелім активтің жалпы немесе таза теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық болып табылатындығы түсіндіріледі.

ҚЕХС (IAS) 24 «Байланысқан тараптар туралы ақпаратты ашу» (Түзету)

Түзетулер қайталай қолданылады және басқарушы компания (басты басқарушы қызметкердің қызметтерін көрсететін ұйым) байланысқан тарап болып табылады және оған байланысқан тараптар туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қолданылады. Сонымен қатар басқарушы компанияның қызметтерін пайдаланатын ұйым басқару қызметтерін тұтынумен байланысты шеккен шығыстар туралы ақпаратты ашуға міндетті.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.23 Есеп жүргізу саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашу қағидаттары (жалғасы)

ХҚЕС-ты жыл сайын жетілдіру, 2011-2013 жылдар кезеңі

Бұл түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді және Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп болажануда және өзіне мына түзетулерді қамтиды:

ҚЕХС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру» (Түзету)

Түзету қайталай қолданылады және *ҚЕХС (IFRS) 3* қолданылу саласынан мына ерекшеліктерді түсіндіреді:

- *ҚЕХС (IFRS) 3* қолданылу саласына бірлескен кәсіпорындар туралы да, бірлескен кәсіпкерлік туралы да барлық келісім жатпайды;
- қолданылу саласынан осындай алып тастау бірлескен кәсіпкерлік туралы келісімнің өзінің қаржы есептілігінде есепке алуға қатысты ерекше қолданылады.

ҚЕХС (IFRS) 13 «Әділ құнды бағалау» (Түзету)

Түзету қайталай қолданылады және ҚЕХС (IFRS) 13 портфеліне қатысты ерекшелік қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерге қатысты ғана емес, сондай-ақ соңында ҚЕХС (IFRS) 9 (немесе ҚЕХС (IAS) 39, егер қолданылатын болса) қолданылу саласына кіретін басқа да шарттарға қатысты қолданыла алады.

ҚЕХС (IAS) 40 «Инвестициялық мүлік» (Түзету)

ҚЕХС (IAS) 40-та қосымша қызметтерді сипаттау мүлік иесіндегі бар инвестициялық жылжымайтын және жылжитын мүлікті (яғни негізгі құралдарды) шектейді. Түзету келешекте де қолданылады және операцияның мәнін (актив сатып алу немесе бизнесті біріктіру) анықтау үшін ҚЕХС (IAS) 40 емес ҚЕХС (IFRS) 3 қолданылатындығын түсіндіреді.

ҚЕХС (IFRS) 15 «Клиенттермен шарттар бойынша түсім»

ҚЕХС (IFRS) 15 2014 жылғы мамырда шығарылды және клиенттермен шарттар бойынша түсімге қатысты қолданылатын бес кезеңді қамтитын жаңа үлгіні көздейді. ҚЕХС (IFRS) 15-ке сай түсім өтемді көрсететін сома бойынша танылады, оған құқықты ұйым клиентке тауар беруге немесе қызметтер көрсетуге алмастырып алуды күтеді.

Түсім жөніндегі жаңа стандарт барлық ұйымға қатысты қолданылады және ҚЕХС-ға сай түсімді тануға қолданылатын қолданыстағы барлық талапты ауыстырады. Стандарт 2017 жылғы 1 қаңтардан және осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты толық көлемде қайталай қолданылады не жаңартылған қайталай қолданумен пайдаланылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қазіргі кезде Компания ҚЕХС (IFRS) 15 әсерін бағалауда және жаңа стандартты күшіне енудің тиісті күніне қолдануды жоспарлап отыр.

ҚЕХС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет» – «Бірлескен операциялардағы қатысу үлестерін сатып алуды есепке алу» (Түзетулер)

ХҚЕС (IFRS) 11-ге түзетулер бірлескен операциялардың қатысушысы ҚЕХС (IFRS) 3-ке сай юизнесті біріктіруді ескеру үшін қызметі бизнесті білдіретін бірлескен операциялардағы қатысу үлестерін сатып алуды ескеруін талап етеді. Түзетулер, сондай-ақ, егер бірлескен бақылау сақталатын болса, осы бірлескен операциядағы қосымша қатысу үлестерін сатып алу кезінде бірлескен операциядағы бұрынғы бар қатысу үлестері қайта бағаланбайтындығын түсіндіреді.

Сонымен қатар ҚЕХС (IFRS) 11-ге қолдану саласынан шығару кіргізілді, осыған сай егер бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар (есеп беретін ұйымды қоса алғанда) бір ғана соңғы бақылаушы тараптың жалпы бақылауында болса, бұл түзетулер қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операциядағы бастапқы қатысу үлестерін сатып алуға қатысты да, сол бірлескен операциядағы қосымша қатысу үлестерін сатып алуға қатысты да қолданылады және келешекті негізде 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады, бұл орайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп күтілуде.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

3.23 Есеп жүргізу саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашу қағидаттары (жалғасы)

ХҚЕС-ты жыл сайын жетілдіру, 2011-2013 жылдар кезеңі (жалғасы)

ҚЕХС (IAS) 16 және ҚЕХС (IAS) 38 «Өтелімнің жол берілетін әдістерін түсіндіру» (Түзетулер)

ҚЕХС (IFRS) 16 және ҚЕХС (IFRS) 38 қағидаттары түсім экономикалық пайда құрылымын көрсететінін түсіндіреді, ол активті пайдалану аясында тұтынылатын экономикалық пайда нәтижесінде емес, бизнес қызметінен (актив оның бір бөлігі болады) туындайды. Түсімге негізделген әдіс нәтижесінде негізгі құралдарды өтелімі үшін пайдаланыла алмайды және сирек жағдайда материалдық емес активтер өтелімі үшін ғана пайдаланыла алады. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен басталатын жылдық кезеңдерге қатысты келешекті негізде қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп күтілуде, өйткені Компания өзінің айналымнан тыс активтерінің өтелімі үшін түсімге негізделген әдісті пайдаланған жоқ.

ҚЕХС (IAS) 27 «Жекелеген қаржылық есептілікке үлесті қатысу әдісі» (Түзетулер)

Түзетулер ұйымдарға жекелеген қаржылық есептілікте еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және тәуелді ұйымдарға инвестицияның есебін жүргізу үшін үлестік қатысу әдісін пайдалануға рұқсат береді. ҚЕХС қолданылатын және өзінің жеке қаржылық есептілігінде қатысу үлесі әдісіне көшу туралы шешім қабылдайтын ұйым бұл өзгерісті қайталай қолдануға тиіс. ҚЕХС-ті алғаш пайдаланатын және өзінің жекелеген қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісіне өту туралы шешім қабылдайтын ұйымдар бұл әдісті ҚЕХС-қа өткен күннен бастап пайдалануға міндетті. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады, бұл орайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР

Компанияның жекелеген қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ міндеттемелер шарттары туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтің немесе міндеттеменің теңгерімдік құнына елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Компанияның тәуекелдерге ұшырауы туралы және айқынсыздықтары туралы өзге де ақпаратты ашу мына ескертпелерде ұсынылған:

- қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаты мен саясаты *(34- ескертпе)*;
- сезгіштік талдамасы туралы ақпаратты ашу *(18, 34- ескертпе)*.

Бағалау мәндері және болжаулар

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Компанияның болжаулары мен бағалау мәндері ол жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде оның қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Алайда ағымдағы жағдаяттар мен болашаққа қатысты болжаулар нарықтық өзгерістер мен Компания бақылауында емес жағдаяттарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олардың пайда болуына қарай болжауларда көрініс табады.

Негізгі құралдарды қайта бағалау

Компания негізгі құралдарды қайта бағалауды (технологиялық мұнайды қоспағанда) 2013 жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша жүргізді. Қайта бағалауды тәуелсіз кәсіби бағалаушы «ПрайсуотерхаусКуперс Такс энд Эдвайзори» ЖШС жүргізді.

Технологиялық мұнайдан басқа негізгі құралдардың әділ құнын айқындау үшін бастапқы деректер әділ құн иерархиясы (бақыланбайтын бастапқы деректер) 3-деңгейіне жатады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (жалғасы)

Бағалау мәндері және болжаулар (жалғасы)

Негізгі құралдарды қайта бағалау (жалғасы)

Бағалаудың пайдаланылған әдіснамасы негізінен өтелетін ауыстыру құнын бағалауға («шығын әдісі») негізделген. Шығын әдісі негізінен бағаланатын негізгі құралдардың белсенді нарығы болмаған жағдайда, мамандандырылған активтерді бағалау үшін қолданылады.

Жүргізілген бағалау аясында негізгі құралдардың өтімділігіне тест жүргізілді. Бұл орайда сатып алынатын құн пайдалану құндылығын бағалау жолымен есептелді. Пайдалану құндылығын есептеу кезінде мынадай болжамдар қолданылды:

- Дисконттау мөлшерлемесі – 12,7%;
- Аса маңызды актив қызметінің қалдық мерзімі – 13,6 жыл;
- Аса маңызды актив қызметінің қалдық мерзімі кезеңіне өсудің ұзақ мерзімді қарқыны – 5,16%.

Сондай-ақ пайдалану құндылығын бағалау нәтижелері көрсетілетін қызметтерді сату көлемдеріне, көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер деңгейіне, күрделі және ағымдағы шығындар мөлшері болжамдарына сезімтал.

Әрбір есепті күнге Компания өзінің негізгі құралдарының теңгерімдік құны мен есепті күнге әділ құн қолданылып анықталғанмен арадағы айырманың болуын бағалайды. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания басшылығы өзінің негізгі құралдарының әділ құнына қатысты өз бағалауын тағы да қайта қарады. Нәтижесінде басшылық 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар әділ құнында 2013 жылғы 31 шілдедегі соңғы қайта бағалаудан бері Компанияда елеулі өзгеріс жоқ деген қорытындыға келді. Нәтижесінде Компания негізгі құралдарының әділ құны олардың теңгерімдік құнына сәйкес келеді Нәтижесінде, басшылық 2013 жылғы 31 шілдедегі соңғы қайта бағалау күнінен 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың (технологиялық мұнайды қоспағанда) әділ құнына сондай бір маңызды өзгерістер болмады деген тұжырымдамаға келді. Қорытындысында, Компанияның негізгі құралдарының әділ құны олардың теңгерімдік құнына сәйкес келеді.

Технологиялық мұнайды қайта бағалау

Технологиялық мұнайды қайта бағалау мұнайдың әділ құнының ауытқуы айтарлықтай жиі әрі елеулі болатындықтан, жыл сайын жүргізіледі. Технологиялық мұнай 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайта бағаланды.

Технологиялық мұнайдың әділ құнын айқындау үшін бастапқы деректер әділ құн иерархиясының 2-деңгейіне жатқызылады (белгіленбейтін бақыланған бастапқы деректер).

Келесі пайымдауларды технологиялық мұнайдың әділ құнын айқындау кезінде Компания басшылығы назарға алған болатын:

- технологиялық мұнай құбырды пайдалану үдерісінің ажырағысыз бөлігі, онсыз тасымалдау мүмкін емес және тиісінше бағалау нысаны мамандандырылған актив болып табылады;
- технологиялық мұнай ТМРжБҚК қойған шектеулер нәтижесінде сатыла да және өзгедей түрде пайдаланыла да алмайды;
- ТМРжБҚК және Үкімет елдегі жалпы баға индексіне тарифтердің жағымсыз әсерінің алдын алу үшін оларды мұқият қадағалап отырады және тиісінше егер мұнай халықаралық нарық бағасы бойынша бағаланған болса, оның құнын өтеуге мүмкіндік бермейтін деңгейде белгіленуі мүмкін;
- Компанияға ҚМГ белгілеген қағида әсер етеді және егер мұнайдың белгілі бір бөлігін сатуға шешім қабылданып, мұндай шешімді ТМРжБҚК бекіткен жағдайда, ол тек ҚМГ тобының сауда бөлімшесіне ғана ішкі баға бойынша сатылуы мүмкін;
- және егер Компанияға құбырдың жаңа бөліктерін толтыру үшін қосымша мұнай қажет болса, ол оны осындай ішкі бағамен ҚМГ тобының кәсіпорнынан сатып алар еді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (жалғасы)

Бағалау мәндері және болжаулар (жалғасы)

Технологиялық мұнайды қайта бағалау (жалғасы)

Осы факторлардың бәрін назарға алып, басшылық әділ құнын көрсету үшін құбырдағы технологиялық мұнайға мейлінше сай келетін, 2014 жылғы 31 желтоқсандағы нарықтың хабардар қатысушысы анықтаған баға бір тонна үшін 164,52 АҚШ доллары (30.000 теңге) болар еді (2013 жылғы 31 желтоқсанда: бір тонна үшін 264,7 АҚШ доллары (40.663 теңге). Мұнай құнының өзгерісінен тиімділік 19.736.819 мың теңгені құрады.

2014 жылғы 31 желтоқсанға құбырдағы мұнай көлемі 2.307.952 тоннаны құрады (2013 жылғы 31 желтоқсан: 2.193.351 тонна). 2014 жылғы 31 желтоқсанға түгендеу нәтижелері бойынша 119.041 тонна (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 24.434 тонна) артық мұнай анықталды және кезең ішінде 4.440 тонна мұнай есептен шығарылды. Компания артық мұнайды өзінің капиталындағы активтерді қайта бағалау бойынша резервті өзгерту жолымен актив (негізгі құрал) ретінде көрсетеді.

Негізгі құралдардың құнсыздануы

Егер активтің не ААТБ -ның теңгерімдік құны оның сатуға жұмсалатын шығындарды шегергендегі әділ құн мен құндылықтарды пайдаланудың мөлшерінен жоғары болатын өтілетін құннан асып кетсе құнсыздық орын алады. Сатуға жұмсалатын шығындарды шегергендегі әділ құн есебі ұқсас активтерді тәуелсіз тараптар арасында сату операциялары міндетті күші бар ақпаратқа немесе активтің шығуынан болған қосымша шығындарды шегергендегі бақыланатын нарықтық бағаларға негізделген. Құндылықтарды пайдаланудың есебі ақша ағынының дисконталу моделіне негізделген. Ақша ағындары бюджет негізінде келесі бес жылға анықталады және Компанияның ол қызметті жүргізу бойынша міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызметті және келешекте ААТБ құнсыздану мәніне тексерілетін активтердің нәтижелерін жақсартатын елеулі инвестицияларды қамтымайды. Өтелетін сома ақшалай қаражаттың дисконталған ағындарының моделінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ ақшалай қаражаттың күтілетін түсімдеріне және экстраполяциялау мақсатында пайдаланылған өсу қарқынына анағұрлым сезімтал.

Негізгі құралдар қызметінің пайдалы мерзімі

Компания негізгі құралдар қызметінің қалған пайдалы мерзімін ең әрі дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күту бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер ҚЕХС (IAS) 8 *«Есеп жүргізу саясаты, есептеу бағаларындағы өзгерістер мен қателіктерге»* сәйкес есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Компанияның пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін магистральдық құбырды (мұнай құбырын) жою және қоршаған ортаны қалпына келтіру, оның ішінде жерді қайта өңдеу шараларын өткізу бойынша заңдық міндеттемесі бар. Бұл, егер Компанияның құбырлары бойынша мұнайды тасымалдайтын жер қойнауын пайдаланушылардың мұнай қоры толық таусылса мүмкін болады.

Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемеге алынған резерв Қазақстан Республикасында қолданылатын техникалық ережелер мен нормаларға сәйкес бөлшектеу және жерді қайта өңдеу бойынша жүргізілетін жұмыстардың Компания есептеген құны негізде бағаланады (1 км құбырды бөлшектеу бойынша шығын сомасы 3.581 мың теңгені құрайды (2013: 2.891 мың теңге).

Сондай-ақ активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелер құрамында қалдықтарды орналастыру полигондарын жою бойынша резерв көрсетілген. Резерв Экологиялық кодексіне сәйкес 2013 жылы құрылды, осыған сәйкес қалдықтарды орналастыру полигондарының иесі жерді қайта өңдеу және полигон жабылғаннан кейін қоршаған ортаға әсерді мониторингтеу бойынша іс-шаралар жүргізу үшін жою қорын құрады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (жалғасы)

Бағалау мәндері және болжаулар (жалғасы)

Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме (жалғасы)

Міндеттемені орындаудың күтілетін мерзімі (17 жыл) ішінде инфляцияның болжалды мөлшерлемесі және есепті кезеңнің соңындағы төменде берілген дисконт мөлшерлемесі қолданыла отырып, резерв сомасы есепті мерзімнің соңына қарай анықталды:

Пайызбен	2014 жыл	2013 жыл
31 желтоқсанға дисконттау мөлшерлемесі	**6,2%**	6,0%
31 желтоқсанға инфляцияның коэффициенті	**6,0%**	5,6%

Дисконталу мөлшерлемесін есептеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары бойынша тәуекелдерсіз мөлшерлемелерге негізделеді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге арналған резервтің теңгерімдік құны 20.631.009 мың теңгені құрады (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 16.677.538 мың теңге) *(22-ескертпе)*.

Залалды жою кезіндегі шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптарындағы және заңнаманы түсіндірудегі әлеуетті өзгерістерге ұшырайды. Сондай-ақ, мұндай шығындарды бағалау кезіндегі айқынсыздықтар балама таңдаулардағы, бұзылған жерлерді жою мен қайта қалпына келтіру әдістеріндегі, дисконт деңгейлері мен инфляция мөлшерлемесіндегі және осы міндеттеме күшіне енетін кезеңдегі әлеуетті өзгерістерді қамтиды.

Есептеу кезінде қолданылатын, салық салуға дейінгі дисконттаудың бағаланған мөлшерлемесі басшылықтың бағалауынан 1% жоғары болып шыққанда, резервтің теңгерімдік құны мойындалған сомадан 2.706.086 мың теңгеге төмен болатын еді.

Күмәнді борыштар бойынша резервтер

Компания күмәнді дебиторлық берешектер, жеткізушілерге берілген алдын ала төлемдер және өзге де активтер бойынша резерв жасайды. Күмәнді шоттарды бағалаған кезде тапсырыс беруші қызметінің алдыңғы және күтілетін нәтижелері назарға алынады. Экономикадағы, саладағы немесе тапсырыс берушінің нақты сипаттамасындағы өзгерістер жекелеген қаржылық есептілікте ескерілген күмәнді шоттарға резерв бойынша түзетулер енгізуді қажет етуі мүмкін. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы күмәнді шоттар бойынша резервтер 738.100 мың теңге және 734.849 мың теңге сомасында қалыптасты *(9, 11, 12 және 14-ескертпелер)*.

Салықтар бойынша резервтер

Күрделі салық заңнамасын түсіндіруге, салық заңнамасындағы өзгерістерге, сондай-ақ келешекте салық салынынатын кірістерді алу мерзімі мен сомаларына қатысты айқындық жоқ. Компанияның алуан түрлі халықаралық операцияларын, сондай-ақ бар шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипаты мен күрделілігін ескергенде, нақты нәтижелер мен қабылданып рұқсат етілген нәтижелер арасында пайда болған айырма немесе мұндай рұқсат етілген нәтижелердің болашақтағы өзгеруі пайда салығы бойынша шығыстар немесе кірістер сомасы есептілігінде көрсетілген болашақ түзетулерге әкелуі мүмкін. Негізделген рұқсат етілген нәтижелерге сүйене отырып, Компания өз қызметін жүзеге асыратын елдердегі салық органдары жүргізген салық аудитінің болуы мүмкін салдарына арнап резерв жасайды. Мұндай резервтердің мөлшері түрлі факторларға, мысалы, алдыңғы аудиттердің және салық заңнамасын салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының түсіндіруіне тәуелді болады,.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық бойынша активтер

Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері салық салынатын пайда алынуы мүмкін деңгейде пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады және қарсы салық залалдары оған есептелуі мүмкін. Болашақ салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері негізінде қаржылық есептілікте тануға болатын мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері сомасын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдауы қажет. 2014 жылғы 31 желтоқсанда мерзімі кейінге қалдырылған салық бойынша танылған активтер сомасы 7.525.200 мың теңге болды (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 8.689.523 мың теңге) *(31-ескертпе)*. 2014 жылғы және 2013 жылдарғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның мерзімі кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтері болған жоқ.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (жалғасы)

Бағалау мәндері және болжаулар (жалғасы)

Қызметкерлерге сыйақылар

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарийлік әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарийлік әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарийлік әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды. Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және еңбек қызметінің аяқталуы бойынша қызметкерлерге төленетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына байланысты мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал. Барлық болжам әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Қазақстанда корпоративтік бағалы қағаздар белсенді нарығының болмауына байланысты шегерудің тиісті мөлшерлемесін анықтау кезінде Компания басшылығы еңбек қызметінің аяқталуы бойынша сыйақылардың қолданылуының күтіліп отырған мерзіміне сәйкес келетін өтеудің қолдану мерзімдері бар мемлекеттік бағалы қағаздардың пайыздық мөлшерлемесін (МЕУКАМ) ескереді. Тиісті бағалы қағаздар сапасы одан әрі ұдайы талданып отырады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қол жетімді өлім-жітім кестесіне негізделеді. Болашақ жалақы мөлшерінің көбеюі және зейнетақы мөлшерінің көбеюі күтіліп отырған болашақ құнсыздану қарқынына негізделеді.

2014 жылғы 21 қаңтарда Компания қызметкерлермен жасалатын Ұжымдық шарттың жаңа редакциясын бекітті. Бұдан басқа, 2014 жылғы 5 ақпанда Компания «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жұмыс істемейтін зейнеткерлері мен мүгедектерін әлеуметтік қолдау қағидаларын бекітті. аталған құжатпен Компания есепте тұрған жұмыс істемейтін зейнеткерлері мен мүгедектеріне материалдық көмек көрсетудің жекелеген мәселелерін бөліп көрсетті.

Қолданылған болжамдар туралы әлдеқайда кең ақпарат *18-ескертпеде* келтірілген.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	Жер	Құбырлар	Көлік активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар және жабдық	Технологиялық мұнай	Өзге де	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2013 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құны бойынша	3.899.931	97.334.066	4.959.367	55.900.255	78.321.789	89.188.248	11.916.998	35.677.946	377.198.600
Түсімдер	926	962.826	1.678.498	10.586	1.090.951	–	709.409	69.087.643	73.540.839
Шығарылу	(8.993)	(158.670)	(71.707)	(318.781)	(234.484)	(212.857)	(189.282)	(24.227)	(1.219.001)
Капитал есебінен құнсыздану	–	–	–	–	–	(19.585.387)	–	–	(19.585.387)
Шығындар есебінен құнсыздану	–	–	–	–	–	(151.432)	–	–	(151.432)
Сатуға арнап ұсталатын активтерге ауыстыру	–	–	(2.270)	–	–	–	–	(834)	(3.104)
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған	13.306	49.332.447	95.409	3.715.657	21.943.330	–	1.654.036	(76.754.185)	–
Материалдық емес активтерге ауыстырылған *(6-ескертпе)*	–	–	–	–	(123)	–	–	(360.575)	(360.698)
Аударымдар мен ауыстырулар	–	3.786	(379.914)	7.856	189.728	–	178.544	–	–
2014 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құны бойынша	3.905.170	147.474.455	6.279.383	59.315.573	101.311.191	69.238.572	14.269.705	27.625.768	429.419.817
2013 жылғы 31 желтоқсанға жинақталған өтелім мен құнсыздану	–	(4.240.358)	(486.794)	(2.119.082)	(4.184.306)	–	(1.169.753)	–	(12.200.293)
Тозу	**–**	**(10.084.580)**	**(1.145.468)**	**(5.206.935)**	**(10.609.944)**	**–**	**(3.231.665)**	**–**	**(30.278.592)**
Шығарылу	**–**	**107.510**	**67.519**	**222.954**	**221.796**	**146.540**	**179.903**	**2.484**	**948.706**
Капитал есебінен құнсыздану	**–**	**(44.865)**	**–**	**(7.453)**	**(5.345)**	**(101.186)**	**–**	**(3.962)**	**(162.811)**
Шығындар есебінен құнсыздану	**–**	**(64.898)**	**–**	**(6.172)**	**(7.891)**	**(45.354)**	**–**	**(18.637)**	**(142.952)**
Сатуға арнап ұсталатын активтерге ауыстыру	**–**	**–**	**1.009**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**1.009**
Аударымдар мен ауыстырулар	**–**	**161**	**16.837**	**(38)**	**(15.918)**	**–**	**(1.042)**	**–**	**–**
2014 жылғы 31 желтоқсанға жинақталған өтелім мен құнсыздану	**–**	**(14.327.030)**	**(1.546.897)**	**(7.116.726)**	**(14.601.608)**	**–**	**(4.222.557)**	**(20.115)**	**(41.834.933)**

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Мың теңгемен	Жер	Құбырлар	Көлік активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар және жабдық	Технологиялық мұнай	Өзге де	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2012 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құны бойынша	3.441.667	118.622.650	6.617.172	71.739.933	80.011.813	82.892.325	14.295.140	22.669.151	400.289.851
Түсімдер	76.084	2.904	125.545	452.380	1.384.011	2.348	779.781	24.557.460	27.380.513
Шығарылу	(16.318)	(176.228)	(75.835)	(927.092)	(483.830)	(444.756)	(243.843)	(199.971)	(2.567.873)
Капитал есебінен қосымша бағалау	531.442	9.292.586	1.472.715	2.613.927	16.976.305	6.738.331	2.549.778	1.589.874	41.764.958
Шығындар есебінен құнсыздану	(143.012)	(4.074.954)	(222.476)	(3.425.081)	(1.957.345)	–	(469.498)	–	(10.292.366)
Қайта бағалау кезіндегі бастапқы құнымен тозуды және құнсыздануды өзара есепке алу	–	(29.954.950)	(2.934.325)	(16.084.267)	(23.331.477)	–	(5.759.275)	–	(78.064.294)
Сатуға арнап ұсталатын активтерге ауыстыру	(2.319)	–	–	(878.154)	(3.941)	–	–	–	(884.414)
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған	12.387	3.566.168	5.292	2.398.692	5.783.969	–	709.169	(12.475.677)	–
Материалдық емес активтерге ауыстырылған *(6-ескертпе)*	–	–	–	–	(477)	–	(224)	(131.136)	(131.837)
Аударымдар мен ауыстырулар	–	55.890	(28.721)	9.917	(57.239)	–	55.970	(331.755)	(295.938)
2013 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құны бойынша	3.899.931	97.334.066	4.959.367	55.900.255	78.321.789	89.188.248	11.916.998	35.677.946	377.198.600
2012 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құны бойынша	–	(24.434.933)	(2.460.162)	(13.910.907)	(18.874.189)	–	(4.442.556)	(186.201)	(64.308.948)
Шығарылу	–	136.193	74.331	838.753	432.158	306.798	231.742	172.084	2.192.059
Тозу	–	(9.856.859)	(1.035.238)	(5.186.527)	(9.069.024)	–	(2.722.996)	–	(27.870.644)
Капитал есебінен құнсыздану	–	(537)	–	(7.126)	(230)	(262.238)	–	(8.016)	(278.147)
Шығындар есебінен құнсыздану	–	1.345	–	(10.250)	(1.258)	(44.560)	(1.313)	(315.911)	(371.947)
Қайта бағалау кезіндегі бастапқы құнымен тозуды және құнсыздануды өзара есепке алу	–	29.954.950	2.934.325	16.084.267	23.331.477	–	5.759.275	–	78.064.294
Сатуға арнап ұсталатын активтерге ауыстыру	–	–	–	73.165	3.918	–	–	–	77.083
Материалдық емес активтерге ауыстырылған *(6-ескертпе)*	–	–	–	–	–	–	19	–	19
Аударымдар мен ауыстырулар	–	(40.517)	(50)	(457)	(7.158)	–	6.076	338.044	295.938
2013 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құны бойынша	–	(4.240.358)	(486.794)	(2.119.082)	(4.184.306)	–	(1.169.753)	–	(12.200.293)

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

	Жер	Құбырлар	Көлік активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар және жабдық	Технология-лық мұнай	Өзге де	Аяқтал-маған құрылыс	Жиыны
2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша									
Қайта бағаланған құны	**3.905.170**	**147.474.455**	**6.279.383**	**59.315.573**	**101.311.191**	**69.238.572**	**14.269.705**	**27.625.768**	**429.419.817**
Жинақталған өтелім және құнсыздану	**–**	**(14.327.030)**	**(1.546.897)**	**(7.116.726)**	**(14.601.608)**	**–**	**(4.222.557)**	**(20.115)**	**(41.834.933)**
Қалдық құн	**3.905.170**	**133.147.425**	**4.732.486**	**52.198.847**	**86.709.583**	**69.238.572**	**10.047.148**	**27.605.653**	**387.584.884**
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша									
Қайта бағаланған құны	3.899.931	97.334.066	4.959.367	55.900.255	78.321.789	89.188.248	11.916.998	35.677.946	377.198.600
Жинақталған өтелім және құнсыздану	–	(4.240.358)	(486.794)	(2.119.082)	(4.184.306)	–	(1.169.753)	–	(12.200.293)
Қалдық құн	3.899.931	93.093.708	4.472.573	53.781.173	74.137.483	89.188.248	10.747.245	35.677.946	364.998.307

2013 жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша Компанияда негізгі құралдардың (технологиялық мұнайдан басқа) қайта бағалануы жүргізілді. Қайта бағалау нәтижесінде жиналған тозу негізгі құралдардың теңгерімдік құнының есебіне алынып тасталды да, таза теңгерімдік құны негізгі құралдардың құнын қайта бағаланған құнына келтірілді.

2013 жылы жүргізілген қайта бағалау нәтижесінде кейбір негізгі құралдар объектілерінің әділ құны олардың теңгерімдік құнынан төмен екендігі және соңғы бірнеше жыл ішінде Компания осы объектілерді күрделі жөндеуден және жаңғыртудан өтпегені анықталды. Тиісінше теңгерімдік құнның әділ құннан артық сомасы осы активтер бұрын қосымша бағаланған дәрежеде Компания қайта бағалау бойынша тиісті резервті азайту ретінде көрсетті, ал қалған сома жиынтық кіріс есебінде негізгі құралдардың жалпы сомасы 10.664.313 мың теңгеге құнсыздануы ретінде танылды.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс негізінен келесі өндірістік объектілерді қамтиды:

- «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырының мемлекетаралық жобасын іске асыру аясында объектілерді салу және қайта құру;
- өрт сөндіру жүйесін қайта құру, объектілерді электрмен жабдықтауды қайта құру және басқалары.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс негізінен келесі өндірістік объектілерді қамтиды:

- салынып жатқан магистральды мұнай құбырларын (оның ішінде «Қазақстан-Қытай» магистральды мұнай құбырын салу мемлекетаралық жобасы аясында іске асырылатын «Құмкөл-Қарақойын» магистральды мұнай құбыры құрылысы);
- «Қаламқас-Қаражанбас-Ақтау» («Қаражанбас-Ақтау» учаскесі) және «Өзен-Жетібай-Ақтау» магистральдық мұнай құбырларын қайта құру;
- «Кеңқияқ» БМАС-ты қайта құру;
- өрт сөндіру жүйесін қайта құру, объектілерді электрмен жабдықтауды қайта құру және басқалары.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен өтелінген, бірақ әлі де пайдаланыстағы негізгі құралдардың бастапқы құны мен тиісті жинақталған өтелімі 2.981.191 мың теңгені құрады (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 2.883.614 мың теңге).

2014 жыл үшін аяқталмаған құрылыс құнына кіргізілген тозу сомасы 12.079 мың теңгені құрады (2013 жыл үшін: 11.639 мың теңге).

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс 2.489.518 мың теңге көлемінде (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 13.212.631 мың теңге) құрылыс жұмыстары үшін сатып алынған материалдар мен босалқы бөлшектерді қамтиды. Мұндай төмендеу негізінен 2014 жылы «Құмкөл-Қарақойын» магистральды мұнай құбыры құрылысына арналған материалдар мен босалқы бөлшектерді қолданумен байланысты.

Егер активтер жинақталған тозуды және жинақталған құнсыздануды шегергендегі бастапқы құны бойынша есепке алынған болса, жекелеген қаржылық есептілікке енгізілуі мүмкін негізгі құралдардың әрбір қайта бағаланған жіктелімінің теңгерімдік құны келесі түрде ұсынылады:

	Жер	Құбырлар	Көлік активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар және жабдық	Технологиялық мұнай	Өзге де	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2014 жылғы 31 желтоқсанға	**885.361**	**97.829.484**	**4.392.954**	**30.461.554**	**66.280.665**	**1.168.388**	**7.131.531**	**25.698.188**	**233.848.125**
2013 жылғы 31 желтоқсанға	873.142	53.347.278	2.679.847	29.695.511	50.855.701	1.171.808	7.294.565	33.749.252	179.667.104

6. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша материалдық емес активтер келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	Лицензиялар	Бағдарламалық жасақтама	Өзге де	Жиыны
2013 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құн	146.430	995.600	28.414	1.170.444
Түсімдер	**–**	**168.119**	**6.762**	**174.881**
Шығарылу	**(3.712)**	**(30.799)**	**(528)**	**(35.039)**
Өтелім	**(68.307)**	**(325.506)**	**(4.708)**	**(398.521)**
Шығарулар бойынша жинақталған тозу	**3.712**	**30.799**	**528**	**35.039**
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған *(5-ескертпе)*	**49.949**	**308.711**	**2.038**	**360.698**
Аударымдар мен ауыстырулар	**17.379**	**(17.379)**	**–**	**–**
2014 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құн	**145.451**	**1.129.545**	**32.506**	**1.307.502**
2012 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құн	209.936	1.058.027	30.802	1.298.765
Түсімдер	3.805	140.701	–	144.506
Шығарылу	–	(102.971)	–	(102.971)
Өтелім	(70.036)	(332.221)	(2.388)	(404.645)
Шығарулар бойынша жинақталған тозу	–	102.971	–	102.971
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған *(5-ескертпе)*	905	130.913	–	131.818
Аударымдар мен ауыстырулар	1.820	(1.820)	–	–
2013 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құн	146.430	995.600	28.414	1.170.444
2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша				
Бастапқы құн	**465.256**	**3.970.277**	**84.321**	**4.519.854**
Жинақталған құнсыздану және өтелім	**(319.805)**	**(2.840.732)**	**(51.815)**	**(3.212.352)**
Қалдық құн	**145.451**	**1.129.545**	**32.506**	**1.307.502**
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша				
Бастапқы құн	397.647	4.155.437	76.048	4.629.132
Жинақталған құнсыздану және өтелім	(251.217)	(3.159.837)	(47.634)	(3.458.688)
Қалдық құн	146.430	995.600	28.414	1.170.444

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес ұйымдарға инвестициялар келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
BTL	**47.074.550**	47.074.550
Минус: BTL инвестицияның құнсыздануы	**(18.865.686)**	(18.865.686)
Жиыны	**28.208.864**	28.208.864

Еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануы бойынша резервтің қозғалысы келесі түрде ұсынылады:

Мың теңгемен	**2014 жыл**	2013 жыл
1 қаңтарға	**18.865.686**	18.865.686
Бір жылға есептеу	**–**	–
31 желтоқсанға	**18.865.686**	18.865.686

8. БІРЛЕСКЕН БАҚЫЛАУДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен бақылаудағы кәсіпорындағы инвестициялар келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
ҚҚҚ	**6.500.000**	6.500.000
МұнайТас	**904.945**	904.945
Жиыны	**7.404.945**	7.404.945

9. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ҮШІН ЖЕТКІЗУШІЛЕРГЕ БЕРІЛГЕН АЛҒЫТӨЛЕМДЕР

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар үшін жеткізушілерге берілген алғытөлемдер келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
Негізгі құралдар және құрылыс қызметтері үшін үшінші тараптарға алғытөлемдер	**10.814.157**	5.869.850
Минус: күмәнді борыштар бойынша резерв	**(99.526)**	(99.330)
Жиыны	**10.714.631**	5.770.520

Негізгі құралдар үшін жеткізушілерге берілген алғытөлемдерге қатысты күмәнді қарыздар бойынша резервтің қозғалысы келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жыл**	2013 жыл
1 қаңтарға	**99.330**	99.330
Бір жылға есептеу	**196**	–
31 желтоқсанға	**99.526**	99.330

Негізгі құралдар үшін жеткізушілерге берілген алғытөлемдер теңгемен көрсетіледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

10. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тауарлы-материалдық қорлар келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
Босалқы бөлшектер	**1.371.518**	856.248
Отын	**589.785**	530.804
Құрылыс материалдары	**107.620**	77.790
Тауарлар	**93.138**	76.520
Арнайы киім	**78.892**	82.764
Химиялық реагенттер	**35.575**	33.496
Өзге де материалдар	**63.184**	58.292
	2.339.712	1.715.914
Минус: ескірген және өтемсіз тауарлы-материалдық қорлар бойынша резерв	**(23.277)**	(34.082)
Жиыны	**2.316.435**	1.681.832

Ескірген және өтемсіз тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервтің қозғалысы келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жыл**	2013 жыл
1 қаңтарға	**34.082**	46.420
Кезең үшін резервті (қайтару)/есептеу, нетто *(26-ескертпе)*	**(5.342)**	2.524
Тауар- материалдық қорларды есептен шығару	**(5.463)**	(14.862)
31 желтоқсанға	**23.277**	34.082

11. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және өзге де дебиторлық берешек келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі *(32-ескертпе)*	**1.902.654**	1.397.768
Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі	**1.489.130**	801.179
Үшінші тараптардың өзге де сауда дебиторлық берешегі	**2.273.771**	2.526.184
Байланысты тараптардың өзге де дебиторлық берешегі *(32-ескертпе)*	**102.156**	35.828
	5.767.711	4.760.959
Минус: күмәнді берешектер бойынша резерв	**(634.885)**	(630.921)
Жиыны	**5.132.826**	4.130.038

Сауда және өзге де дебиторлық берешек негізінен «айда немесе төле» ережелерінде мұнай тасымалдау жөнінде қызметтер көрсетуге арналған шарттарға сай мұнайдың жеткізілмеген көлемдері бойынша айыпшұл мен өсімпұлдарды құрайды.

Сауда және өзге де дебиторлық берешек бойынша резервтегі өзгерістер келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	**2014 жыл**	2013 жыл
1 қаңтарға	**630.921**	575.174
Бір жылға есептеу	**3.964**	55.905
Дебиторлық берешекті есептен шығару	**–**	(158)
31 желтоқсанға	**634.885**	630.921

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша туындау мерзімдері бойынша сауда дебиторлық берешегін талдау келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**Жиыны**	**Мерзімі өткізілмеген, әрі құнсызданбаған**	**Мерзімі өткізілген, бірақ құнсызданбаған**				
			<30 күн	**30-60 күн**	**60-90 күн**	**90-120 күн**	**>120 күн**
2014 жыл	**5.132.826**	**4.957.436**	**15.409**	**73.093**	**50.919**	**35.969**	**–**
2013 жыл	4.130.038	3.840.644	106.566	107.335	32.277	15.908	27.308

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

11. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және өзге де дебиторлық берешек келесі валюталарда көрсетілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен	**5.131.578**	4.128.282
Шетел валютасымен	**1.248**	1.756
Жиыны	**5.132.826**	4.130.038

12. ЖЕТКІЗУШІЛЕРГЕ БЕРІЛГЕН АЛҒЫТӨЛЕМДЕР

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеткізішулерге берілген алғытөлемдер келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптарға алғытөлемдер *(32-ескертпе)*	**447.876**	257.165
Үшінші тараптарға алғытөлемдер	**228.039**	440.361
	675.915	697.526
Минус: күмәнді борыштар бойынша резерв	**(1.073)**	(1.982)
Жиыны	**674.842**	695.544

Жеткізушілерге берілген алғытөлемдерге қатысты күмәнді берешектер бойынша резервтің қозғалысы келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жыл**	2013 жыл
1 қаңтарға	**1.982**	1.482
Резервті (қайтару)/есептеу	**(909)**	500
31 желтоқсанға	**1.073**	1.982

13. ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН ҚҚС ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ

Өтелуге жататын ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алдын ала төлем 2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
Өтеуге жататын ҚҚС	**2.890.385**	554.866
Өзге де салықтар бойынша алдын ала төлем	**167.076**	93.839
Жиыны	**3.057.461**	648.705

14. ӨЗГЕ ДЕ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге де ағымдағы активтер келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
Мұнайды тасымалдау бойынша көлік экспедиция қызметтері үшін берешек	**3.245.840**	3.770.279
Сақтандыру бойынша алдын ала төлем	**42.498**	38.840
Қызметкерлердің берешегі	**9.610**	70.381
Болашақ кезеңдер шығыстары	**134**	168
Алуға дивидендтер *(32-ескертпе)*	**–**	261.137
	3.298.082	4.140.805
Минус: күмәнді борыштар бойынша резерв	**(2.616)**	(2.616)
Жиыны	**3.295.466**	4.138.189

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

15. БАНК САЛЫМДАРЫ

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банк салымдары келесі түрде берілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді банк салымдары	**31.984.190**	81.550.000
Ұзақ мерзімді банк салымдары	**3.729.880**	576.541
Салымдар бойынша есептелген пайыздар	**127.505**	1.562.238
Жиыны	**35.841.575**	83.688.779

2014 жылғы 31 желтоқсанда банк салымдары келесі түрде көрсетілді:

- қазақстандық банктерде өтеу мерзімі 2015 жылғы желтоқсанда аяқталатын, пайыздық мөлшерлемесі жылдық 0,6%-тен 3,5%-ке дейін 3-12 айға қысқа мерзімді АҚШ долларында орналасқан банк салымдары (2013 жылғы 31 желтоқсанға: нөл);
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Компания қызметкерлеріне беретін ипотека қарызын қамтамасыз етутін 2029 жылға дейінгі мерзімге жылдық 2%-тен 3,5-ке дейін пайыздық мөлшерлемемен пайдаланылуы шектелген ұзақ мерзімді салымдар (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 2028 жылға дейінгі мерзімге жылдық 2% пайыздық мөлшерлемемен).

16. АҚША ҚАРАЖАТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
Банктердегі АҚШ долларымен көрсетілген мерзімді салымдар	**19.451.877**	–
Банктердегі теңгемен көрсетілген мерзімді салымдар	**19.311.501**	22.980.000
Банктердегі теңгемен көрсетілген ағымдағы шоттар	**471.928**	1.374.515
Банктердегі Ресей рублімен көрсетілген ағымдағы шоттар	**347**	492
Банктердегі АҚШ долларымен көрсетілген ағымдағы шоттар	**80**	31.028
Банктердегі өзге де ағымдағы шоттар	**11.542**	11.374
Кассадағы қолма-қол ақша	**1.457**	933
Жиыны	**39.248.732**	24.398.342

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қазақстандық банктерде орналасқан ағымдағы шоттар мен 3 айға дейінгі мерзімді салымдардың басым бөлігінің сыйақы мөлшері жылдық 0,3%-дан бастап 1,7%-ға дейін пайыздар бойынша есептелді (2013 жылғы 31 желтоқсанда: жылдық 1,7%-дан 10,25%-ға дейін).

17. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

Жарғылық капитал

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы жарияланған, шығарылған және 62.503.284 мың теңге көлемінде толық төленген 384.635.600 жай акциядан құралды, жариялған бірақ шығарылмаған және төленбеген 1 акцияны қоспағанда.

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал Компанияның акцияларды шығаруға байланысты 565.717 мың теңге мөлшерінде шеккен кеңес беру қызметтердің құны шегеріліп көрсетілді және 61.937.567 мың теңгені құрады.

Акционерге төлем

Дивидендтер

2014 жылғы 28 мамырдағы акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен 1 акцияға 109 теңге есебінен 41.925.280 мың теңге (2013: 1 акцияға 75 теңге есебімен 28.847.670 мың теңге мөлшерінде) мөлшерінде Компания 3 шілдеде өз акционерлеріне дивидендтер төледі, оның ішінде ҚМГ – 37.732.752 мың теңге (2013: 25.962.903 мың теңге), миноритарлық акционерлерге – 4.192.528 мың теңге (2013: 2.884.767 мың теңге).

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

17. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ (жалғасы)

Акцияға пайда

Акцияға базалық пайда сомалары Компанияның жай акцияларын ұстаушыларына тиісті кезеңдегі таза пайданы кезең ішіндегі айналымдағы жай акциялардың орташа санына бөлу жолымен есептелген. Компания айырбасталымды қаржы құралдарын шығармайтындықтан бір акцияның базалық пайдасы акцияға таратылған пайдаға тең.

Төменде акцияға базалық пайда есептеуде пайдаланылған пайда мен акциялар саны туралы ақпарат келтірілген:

Мың теңгемен	**2014 жыл**	2013 жыл
Компанияның жай акцияларын ұстаушыларына тиісті кезеңдегі таза пайда	**57.698.172**	52.016.547
Акцияға базалық пайданы есептеуге арналған кезеңдегі жай акциялардың орташа саны	**384.635.599**	384.635.599
Компанияның жай акцияларын ұстаушыларына тиісті есепті жылдағы пайдаға қатысты акцияға базалық пайда (теңгемен)	**150**	135

Жай акциялардың теңгерімдік құны

Төменде Компанияның бас компаниясы үшін ҚҚБ талаптарына сәйкес бір жай акцияның теңгерімдік құны көрсетілген:

Мың теңгемен	**2014 жылғы 31 желтоқсан**	2013 жылғы 31 желтоқсан
Активтер жиыны	**530.613.843**	527.084.407
Минус: материалдық емес активтер *(6-ескертпе)*	**(1.307.502)**	(1.170.444)
Минус: міндеттемелер жиыны	**(117.020.401)**	(111.328.479)
Жай акциялардың теңгерімдік құнын есептеуге арналған таза активтер	**412.285.940**	414.585.484
